Ш. Аманқұлова, Б. Әшімова, Ұ. Досболатова

# ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

## ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы
10-сыныбына арналған оқу құралы

Өңделген екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының*
*Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

Алматы "Мектеп" 2010

УДК 373.167.1 (075.3)
ББК 63.3 (0) я72
А52

**Аманқұлова Ш., т.б.**
А52 **Дүниежүзі тарихы: Дидактикалық материалдар:** Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10-сыныбына арналған оқу құралы / Ш. Аманқұлова, Б. Әшімова, Ұ. Досболатова. — Өңд. 2-бас. — Алматы: Мектеп баспасы, 2010. — 88 б.

ISBN 978—601—293—210—2

Д $\frac{4306022300—128}{404(05)—10}$ 31(3)—10

**УДК 373.167.1 (075.3)**
**ББК 63.3 (0) я72**

© Аманқұлова Ш., Әшімова Б., Досболатова Ұ., 2006
© "Мектеп" баспасы, көркем безендірілуі, 2010

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүліктік құқықтары "Мектеп" баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—210—2

## АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты 10-сынып оқушылары, өздеріңе ұсынылып отырған дүниежүзі тарихын қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытуға арналған дидактикалық материалдарда білім мазмұнының негізгі мәселелері қамтылған. Көп жылдар бойы шығармашылық жұмыс барысында байқағанымыз, пәнді оқыту барысында әртүрлі сөзжұмбақтар, шытырман ойындар, сызбалар мен суреттерді пайдалану — оқушылардың құрылымдық-жүйелік ойлау қабілетін дамытуға көмегін тигізетіндігі.

Дидактикалық материалдар, оқулық жүйесіне сай түзілгендіктен, әр тақырыпқа байланысты сұрақтарға оқулық мәтініне сүйеніп жауап беруге тырысу керек. Хронологиялық кестемен жұмыс барысында жылдар мен деректерді есте сақтауға баса мән беріледі. Сендер оқу құралында берілген сөзжұмбақтармен жұмыс істей отырып мұғалімнің сабақ барысында түсіндіргенін еске түсіресіңдер, сол бойынша ой қорытып, жеткілікті дәрежеде айқын емес жағдаяттарды оқулықтан іздестіретін боласыңдар. Мұның өзі оқулықты терең әрі саралай отырып қарастыруды талап етеді.

Тағы да айта кетерлік жайт шартты белгілерді меңгерудің оқулық материалын игеру үшін көмегі зор.

Ал суреттермен жұмыс, әсіресе еске түсіру, қабылдау дағдысын қалыптастыру үшін пайдалы. Өйткені кез келген тарихи оқиғаны толық, жан-жақты баяндауға, ашып көрсетуге көптеген мектептердің қажетті материалдық базасы, көрнекілік құралдары жетіспейді. Сондықтан суреттер арқылы елестету, қиялдау сендердің есте сақтау қабілеттеріңді шыңдай түседі. Өздерің бұрыннан орындап келе жатқан тест, кестенің екі бөлігін сәйкестендіру, бағыттық сызықты қою, т.б. тапсырмалар сендерге онша қиындық келтіре қоймайды.

“Сендер білесіңдер ме?” айдарымен берілген қосымша материалдардың да сендердің пәнге деген қызығушылықтарыңды арттыруда ықпалы зор.

Қорыта келгенде, оқу құралы алған білімдеріңді тереңдете түсуге, меңгеруге және бекітуге көмектесетін болады.

# І тарау. ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

## § 1. ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Буржуазиялық революция дегеніміз не?
2. Революциялық даму мен эволюциялық дамудың айырмашылықтары неде?
3. Кәсіподақтарға бірігу қажеттігінің туу себебі неде?
4. Мемлекетті басқарудың негізгі формалары қандай?
5. Марксизм ілімінің негізін қалаған кімдер және социалистік революцияның артта қалған индустриялды-аграрлы елдерде жеңіске жету мүмкіндігін қорытындылаған кім?
6. "Әскерде қызмет ету — жастардың қасиетті борышы" деген пікірді қалай түсінесіңдер және ол не үшін қажет болды?

**2-тапсырма.** Картамен жұмыс.

1. Жаңа технологияны өндірісте пайдаланудан алдыңғы қатарға көтерілген елдерді картадан көрсетіңдер.
2. Парламенттік монархия орнаған елдерді картадан тауып, конституциялық монархия мен абсолюттік монархияға түсінік беріңдер.

**3-тапсырма.** Тарихи терминдермен жұмыс. Төменде келтірілген термин сөздердің мағынасын айқындап, мысал келтіріңдер.




**Батыс Еуропаның алдыңғы қатарлы елдеріндегі экономика дамуының әсері**



1) Солшыл демократтар;
2) оңшыл социал-демократтар;
3) центризм;
4) аннексиялау;
5) ревизионизм;
6) милитаризм;
7) пацифизм;
8) антисемитизм;
9) ұлтшылдық;
10) нәсілшілдік.

**4-тапсырма.** Төмендегі суреттерге қарап және тарихи терминдерді пайдалана отырып, әңгіме құрастырыңдар.

**5-тапсырма**. Мына сөзжұмбақты шешіңдер.

## Сөзжұмбақтың сұрақтары

1. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер қандай шеңберде жүзеге асты?
2. XIX ғасырда қалыптасқан өнеркәсіп пролетариатының мүддесін қорғайтын ілімнің негізін қалаушылардың бірі.
3. Сол замандағы монархиялық билік сақталған мемлекеттердің бірі.
4. Сол кездегі бір-біріне қарсы саясат жүргізуші мемлекеттер.
5. Көлемді жүктерді тасымалдауға арналған көлік жолының бір түрі.
6. Бір мемлекет ішіндегі қарулы мемлекеттік төңкеріс.

7. XIX ғасырдың соңында мемлекетаралық соғыстардағы шиеленістерді шешудің құралы ретінде соғыстан бас тартатын саяси қозғалыс пайда болды. Қозғалыстың атын атаңдар.
8. Индустрияландыруды жеделдету жолына түскен мемлекеттердің бірі.
9. Осман империясынан бөлініп, тәуелсіздік алған мемлекеттердің бірі.
10. "Отаршылдық" ұғымымен тең айтылады.
11. Африка құрлығында Англия жаулап алған жерлердің бірі.
12. XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басында Англияда қарт адамдар қандай құқыққа ие болды?
13. Францияда ресми лауазымды қызметкерлердің қолдауымен "ол" қолдан ұйымдастырылды: "Француз әскерінің ұлты еврей офицері мемлекеттік сатқындық жасады", — деп айыпталды.
14. Француздың атақты қолбасшысы, императоры.
15. Өткен ғасырларда сол мемлекет Пруссия деп аталған.
16. Қытай өркениетін дамытқан ұлы ойшыл.

## § 2. ЕУРОПАДАН ТЫСҚАРЫ ДҮНИЕЖҮЗІ. АЗИЯ ЕЛДЕРІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтіндегі "Британ тәжінің інжу-маржаны" деген жолдарды қалай түсінесіңдер?
2. "Империализм" сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер? Мысал келтіру арқылы түсіндіріңдер.
3. Отар елдер деп қандай елдерді айтамыз?

**2-тапсырма.** Қалып қойған сөздер мен сөйлемдерді толықтырып, сұрақтарға жауап жазыңдар.

### 1-*нұсқа*

1. Батыс елдері Қытай үкіметін ... қол қоюға мәжбүр етті.
2. 1899—1900 жылдары Қытайдағы ... бүкіл дүниежүзі куәгер болды.
3. "Сараң болмау, үлкендердің бұйрығын, империя заңдарын бұзбау керек" деп ... қоғамына кірушілер ант берді.

### 2-*нұсқа*

1. ... әскерлері Қытайға әкелініп, ... аяусыз талқандады.
2. 1901 жылы 7 қыркүйекте Батыс державалары Қытайға ... таңды. Оның нәтижесінде ...
3. Корей монархы ... жылы өкіметтен аластатылды.

### 3-*нұсқа*

1. ... жылы орыс-жапон конвенциясы бекітілді.
2. Жартылай отар дегеніміз ...
3. Протекторат дегеніміз ...

### 4-*нұсқа*

1. Отарларда ... әлсіз, бағыныштты жағдайда болды.
2. 1905—1907 жылдардағы Ресейдегі революция ...
3. “Свадеши” және “сварадж” сөздерінің мағынасы және олар ... қолданылды?

### 5-*нұсқа*

1. Дүниежүзінің бірлігі мен тұтастығының белгілері.
   1.
   2.
   3.
   4.
   5.
   6.
   7.
   8.
2. Өркениет ұғымы қалай сипатталады?

### 6-*нұсқа*

1. “Патша — патша қызметін, азамат — азамат қызметін, ата (әке) — ата қызметін, бала — бала міндетін атқаруы тиіс” деген сөздерді кім айтқан және ол туралы не білесіңдер?
2. Буддизм ілімін жақтаушылар адамды қоршаған орта ... ұғындырды.
3. Үндістан елінің көршілес халықтардың шапқыншылығына жиі душар болуының себептері неде?

### 7-*нұсқа*

1. ... түбегінде пайда болып, ... дінінің негізін қалады.
2. Азия және Африка халықтарын еуропалық өркениеттің жетістіктерін үйренуге қандай жағдайлар итермеледі?

## § 3. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ШИЕЛЕНІСУІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XX ғасырдың басында халықаралық қатынастардың шиеленісуіне қандай жағдайлар әсер етті?
2. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қандай елдер ерекше дайындалды?
3. Франция, Англия, Ресей, АҚШ, Жапония бұл кезде алдарына қандай мақсаттар қойды?

**2-тапсырма.** 1. Елдерді соғысқа қандай жағдайлар итермелегенін анықтап, кестенің екі жағын сәйкестендіріңдер.

*1-кесте*

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Франция | Балқан түбегі және Иран мен Қиыр Шығысқа үстемдігін орнату |
| 2. | Ресей | Таяу Шығыс, Африканың Тынық мұхит жағалауларын бағындыру |
| 3. | Австро-Венгрия | Эльзас пен Лотарингия және Рур алқабы мен Африкада отарларының көлемін кеңейту |
| 4. | Италия | Балқанда қожалық орнату |
| 5. | Англия | Тироль, Триест, Албания және Африканы қайта бөлу |
| 6. | АҚШ | Азиядағы, Африкадағы, Мұхиттық аралдағы жерді бағындырып, Ұлыбритания үстемдігін орнату |
| 7. | Германия | Әлемде АҚШ билігін кеңейту |
| 8. | Жапония | Маньчжурия, Кореяны бағындыру |

2. Хронологиялық кестені толықтырыңдар.

| № | | Болған оқиғалар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | | Франция — Ресей одағы құрылды |
| 2. | | АҚШ конгресі Испанияға соғыс жариялады |
| 3. | | Ағылшын-Бур соғысы |
| 4. | | Германия 34 линкор, 45 крейсер, 100-ден астам кеме жасауды жоспарлады |
| 5. | | Берлин — Бағдад — Басра теміржолын салу бекітілді |
| 6. | | Ағылшын-француз келісімі жасалды |
| 7. | | Орыс-жапон соғысы |
| 8. | | Ағылшын-орыс келісімі, Антантаның құрылуы |
| 9. | | “Жас түріктер” төңкерісі |
| 10. | | Оңтүстік Африка одағы атты отар құрылды |
| 11. | | Италия-Түркия соғысы |
| 12. | | Болгария-Грекия қорғану келісіміне қол қойылды |
| 13. | | Одақтастар соғыс әрекетіне кірісті |
| 14. | | Албания тәуелсіздігін жариялады |
| 15. | | Түркия Лондон бітіміне қол қойды |
| 16. | | Екінші Балқан соғысы басталды |
| 17. | | Бухарест бітім шарты |

**3-тапсырма.** Жалаулар мен фигураларды сәйкестендіріңдер.



Триол,
Триеста,
Албания және
Африканы қайта
бөлу





Балқан түбегі,
Иран және Қиыр
Шығыстағы
билігін нығайту





Эльзас,
Лотарингия,
Рур алқабы
және Африкадағы
отарлардың
көлемін
кеңейту



**ЛАБИРИНТ — "САНДЫҚ"**

Назарларыңа ұсынылған ерекше лабиринтке асықпай көз жүгіртіп көріңдер. Сонда әрбір сызықтың сөйлейтінін байқау қиын емес. Тек ол үшін берілген кілтті орынды пайдалана білу керек. Сонымен бұл сандықта қандай сөздер жазылған? Шыққан сөздерден тақырыпқа байланысты сөйлем құрастырыңдар.






***Сандық*** **— қазақ халқының үй қажеттерін, бағалы заттарын сақтайтын бұйымы**

## § 4. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тұтануына не сылтау болды?
2. Бірінші дүниежүзілік соғысының бұған дейінгі соғыстардың жүргізу тактикасынан ерекшелігі болды ма, болса қандай?
3. Бірінші дүниежүзілік соғыс барысы жағынан әділетті соғыс болды ма әлде әділетсіз соғыс па еді?
4. Әділетті соғыс, әділетсіз соғыс деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?

**2-тапсырма.** Кестедегі бос тор көздерге “себебі” немесе “сылтауы” деген сөздерді орнын тауып толтырыңдар.

| **Антанта (1907)** | **Үштік Одақ (1882)** |
|---|---|
| Англия Франция Ресей | Германия Италия Австро-Венгрия |
| 34 мемлекет қолдады | 4 мемлекет |
| | Германия Австро-Венгрия Түркия Болгария |
| ______ | ______ |
| Ірі монополистік капитализм топтарының арасындағы экономикалық қайшылықтар мемлекет аралығындағы саяси қайшылықтарды шиеленістіріп, соғыстың себептерін айқындап берді | 1914 жылы 28 маусымда мұрагер Франц Фердинанд Сараево қаласында жергілікті жасырын патриоттық ұйымның мүшесі Гаврило Принциптің қолынан қаза тапты |

**3-тапсырма.** Жоғарыда көрсетілген кесте арқылы сабақтың мазмұнымен танысып, төмендегі шартты белгілерді пайдаланып әңгіме құрастырыңдар.


ұрыста танкілердің қолданылуы


авиация


кеме


сүңгуір қайық


ауыр артиллерия


позициялық соғыс


адам шығыны


тұтқынға түсу


халыққа түскен ауыртпалық


суға батуы

Мысалы, мына бағытта құрастыруларыңа болады.

**1914 жылдың соңы. Батыс майданның қалыптасуы**



**1915 жыл. Шығыс майдан. Ресейдің жағдайы**



— 850 мың



— 900 мың

**1915 жыл. Германия мен Ұлыбритания жағдайы**







**1916 жыл. Батыс майдан. Верден қамалы**







— 600 мың



— 358 мың

**4-тапсырма.** Мына санжұмбақты шешіңдер.

**ЦИФРОГРАММА — "ӘЛІПБИ БОЙЫНША"**

Бұл санжұмбақтың кілтін табу ойланған адамға қиынға түспеуі керек. Ол үшін берілген сандарды және қазақ әліпбиіндегі әріптерді рет санымен алмастырса жетіп жатыр. Егер барлық дыбыстар тиісті сандармен түгел дұрыс алмастырылып орналасса, сабаққа байланысты тарихи дерек шығады.




***Қорамсақ*** **— жебе салатын сауыт**

## § 5. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДАРЫСТАР

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Дүниежүзілік соғыстың салдары қандай болды?
2. Соғысқа қатысқан елдердегі саяси-әлеуметтік дағдарысты қалай түсінесіңдер?
3. Үштік одақтың жеңілу себебін түсіндіріңдер.

**2-тапсырма.** Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Германия, Франция, Ресей — Қазақстандағы жалпы саяси жағдай және соғыс нәтижелері туралы төмендегі көрсеткіштерге қарап сараптама жасаңдар.

### Германия




Тапшылықты жеңілдету үшін 16—60 жастағы ер адамдарға жалпыға бірдей еңбек міндеттері енгізілді




1915 ж. — 225 г
1917 ж. — 170 г
қару-жарақ өндіру саласында






— Германия әскері қатарында 13,3 млн



— пулемет саны 3 мыңнан 70 мыңға жетті




— 1 күндік соғыс шығыны



1915 ж. — 1,5 млн
1917 ж. — 3,5 млн адам еңбек етті

### Франция




сыртқы қарызы

— 3256 қалалары мен ауылдары қирады
— 8 мың км теміржол тораптары бүлінді
— ішкі қарызы




— 1 күндік соғыс шығыны

***Естеріңде сақтаңдар!***

1917 жылғы 27 ақпан революциясы бүкіл қаланы қамтып, 28 ақпанда патша өкіметі құлады. 1917 жылы 25 қазанда большевиктер партиясы бастаған қарулы көтеріліс жеңіске жетті.






— 7 млн-нан 18 млн-ға жетті

— пулемет 4152-ден 23800-ге өсті

— 9640 мың т

— 1397 мың т

— 3739 мың т

— 511 мың т

— 50 млн

— 65 млн пар

— 12 млн

— 15 млн

— 10 млн

1 күндік соғыс шығыны 55,5 млн



— 8070

дирижабль қолданылды

— 10136

— көптеген

— көптеген

— химиялық улы заттардың қолданылуы

— 10 млн адам өлді

— 20 млн жараланды, ірі империялар қирады

**3-тапсырма.** Тест

1. “Прогрессивті блог” қай жылы пайда болды?

а) 1915 ж. тамыз; ә) 1915 ж. қаңтар;
б) 1915 ж. қазан; в) 1915 ж. шілде.

**2.** 1917 ж. 2 наурызда болған елеулі оқиға.

а) Николай патша тақтан құлатылды; ә) Уақытша өкімет орнады;
б) Кеңес өкіметі орнады; в) Брест бітіміне қол қойылды.

**3.** АҚШ-тан Еуропаға жүктер қалай тасымалданды?

а) су жолы; ә) әуе жолы; б) суасты жолы; в) қара жол.

**4.** Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы туралы бітімге қашан қол қойылды?

а) 1918 ж. 6 қараша; ә) 1918 ж. 11 қараша;
б) 1918 ж. 12 қараша; в) 1918 ж. 17 қараша.

**5.** Бірінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқандар саны:

а) 10 млн; ә) 15 млн; б) 20 млн; в) 25 млн.

**6.** Соғыс жылдарында Ресейде қанша адам әскер қатарына шақырылды?

а) 10 млн; ә) 15 млн; б) 20 млн; в) 25 млн;

7. Сібір, Орта Азия және Қазақстан тұрғындарын әскерге шақыру туралы патша Жарлығы шықты.

а) 1816 ж. 25 маусым; ә) 1917 ж. 25 маусым;
б) 1916 25 шілде; в) 1917 ж. 25 шілде.

8. Ресей империясының соңғы патшасы:

а) I Николай; ә) II Николай; б) III Николай; в) IV Николай.

9. Алғаш рет газ тұмылдырық қолданылды:

а) 1812 ж. Отан соғысында; ә) Бірінші дүниежүзілік соғыста; б) Екінші дүниежүзілік соғыста; в) 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісте.

10. “Соғыс жойылсын!” ұраны қай жылдары пайда болды?

а) 1914 ж; ә) 1915 ж; б) 1916 ж; в) 1917 ж.

**4-тапсырма.** Суретке қарап ойланыңдар. Осы сурет сендерге қандай ой тастайды? Талдау жасаңдар.



**Француз солдаты.** Қарсыласты әшкерелеу (1914 ж. шыққан немістердің балаларға арналған кітапшасынан.)

## II тарау. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ДҮНИЕЖҮЗІ (1918—1939 жж.)

### § 6. ВЕРСАЛЬ-ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін қандай мемлекеттер пайда болғанын атаңдар және картадан көрсетіңдер.
2. Бітім конференциясы қай қалада өтті?
3. Версаль бітімі бойынша Германияға қандай талаптар қойылды?
4. КСРО қашан құрылды және құрамына қандай республикалар енді?
5. Империалистік саясаттың жаңа соғысқа ашық дайындығы қай жылдары белгілі болды?

**2-тапсырма.** Бос тұрған торкөздерге соғыстан кейін пайда болған мемлекеттердің атауын жазыңдар.




**3-тапсырма.** Кестені толтырыңдар.

| Конференция атауы | Қаралған негізгі мәселелер |
|---|---|
| | 1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық жағдай |
| | 2. Ұлттар Лигасын құру туралы шешім қабылданды |
| | 1. Ұлттар Лигасы құрылды.<br>2. Ресейдің батыс шекарасында жаңа мемлекеттер құрылды |

**4-тапсырма.** Төменде берілген тақырыпқа байланысты тізбексөзді (чайнворд) шешіңдер.

**ЧАЙНВОРД — "ТОРСЫҚ"**

1. Бітім конференциясы өткен қала.
2. Француз премьер-министрі.
3. АҚШ-тың Ұлттар Лигасы арқылы жүзеге асырмақшы болған жоспары.
4. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздігін алған мемлекет.
5. Әскери одақ.
6. Бітім конференциясының сипаты.
7. Жартылай отар ел.
8. Померацияның бір бөлігі.
9. Якобиншілер атауының негізі.
10. Румыния талап еткен иелік.
11. Ұлттар Лигасының басты органы.




***Торсық*** **— сусын**

## ЛАБИРИНТ

**5-тапсырма.** Тізбексөзді дұрыс шешсеңдер, тарихи анықтама шығады.

| | | | |
|---|---|---|---|
| О | К | А | У |
| Й | Б | Е | І |
| Р | Ы | Т | Ғ |
| Ш | Л | Н | С |



**Қазақтың көрпе жинайтын жүкаяғы**

**6-тапсырма.** Төмендегі тізбексөзді дұрыс шешуге тырысыңдар.

### ЧАЙНВОРД — "ЖЕТІГЕН"

1. Француз премьер-министрі.
2. Германияның Таяу Шығыстағы ықпалы жойылған мемлекет.
3. КСРО-ны таныған ел.
4. Үнді мұхитындағы арал.
5. АҚШ-ның Ұлттар Лигасы арқылы жүзеге асырмақшы болған жоспары.
6. 1922 жылы құрылған мемлекет.

***Жетіген*** **— шертпелі музыкалық аспап**




7. Бас еркінен айырылған ел.
8. Соғыс шығынын төлеу.
9. Түркістанның бұрынғы аты.
10. Осман империясының астанасы.
11. Францияға қайтарылған аумақ.
12. Якобиншілер атауының негізі.
13. Вашингтон конференциясында қабылданған шарт.
14. Келісімге келу (синоним).

## § 7. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТОЛҚЫНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БӘСЕҢДЕУІ

**1-тапсырма.** Тірек сызықтардағы бос нүктелердің орнына қажетті сөздерді қойып, айтылған ойды аяқтаңдар және осы тірек-сызбалар бойынша әңгіме құрастырыңдар.




**2-тапсырма.** Картамен жұмыс.

1. Бірінші даму жолындағы мемлекеттерді картадан көрсетіңдер.
2. Екінші даму жолындағы мемлекеттерді картадан көрсетіңдер.

**3-тапсырма.** Төмендегі тұлғалардың лауазымдары мен тарихта қалу себептерін айтыңдар.

1. М. Баденский —
2. Ф. Эберт —
3. II Вильгельм —
4. К. Либкнехт —
5. Р. Люксембург —
6. В. Ленин —
7. И. Сталин —

**4-тапсырма.** Кестені толтырыңдар.

| Компартиялар ықпалының төмендеу себептері | Социал-демократияның нығаю себептері |
|---|---|
| | |

**5-тапсырма.** Мына сөзжұмбақтарды шешіңдер.

### АНАГРАММАЛАР

## 1-*нұсқа*




1. Антибольшевиктік партия.
2. Кеңес өкіметі бейбіт түрде орнаған қала.
3. Кеңес өкіметі қарулы қақтығыс нәтижесінде орнаған қала.
4. Мурманскіге кірген интервенттер.
5. Кеңес өкіметіне қарсы қарулы күштердің атауы.

Анаграмманы дұрыс шешкенде, тігінен шығатын сөздің мағынасын түсіндіріп, мысал келтіріңдер.




## 2-*нұсқа*

1. 1918 жылы интервенттер басып алған қала.
2. Владивосток қаласына енген интервенттер.
3. Қазақстан аумағында қарсылық көрсеткен шетел корпусы.
4. Соғыс кезінде әрбір партия ұйымдары өз мүшелерінің 20%-ын  жіберді.
5. Революция жеңісін қорғаушылар түсі.
6. 1920 жылы қазан айында талқандалған ақ гвардияшы.
7. 1922 жылғы азат етілген қала.

Мұнда да анаграмманы дұрыс шешкенде тігінен шығатын сөздің мағынасын түсіндіріп, мысал келтіріңдер.

## 3-*нұсқа*

### Ресей азамат соғысы және интервенция жылдарында

1. Кеңес республикасының бас командашысы.
2. Бірінші атты әскер армиясын ұйымдастырды.
3. 1924 жылы қаңтарда қабылданған құжат.
4. Қазақстан—2030. Ұзақ мерзімді мақсаттардың бірі.
5. Оңтүстік майдан әскери басшысы.
6. КСРО құрамына енген федерация.
7. 1925 жылы құрылған одақтас республика.
8. КСРО құрамына 1922 жылы енді.
9. Құрамында тең құқықты округ, автономиясы бар ел.

10. Большевиктердің қарсыласы.
11. Міндетті әскерге шақыру.




Анаграмманы дұрыс шешкенде, тігінен шыққан сөздің мағынасын түсіндіріп, мысал келтіріңдер және осы үш анаграммадан шыққан сөздер қай кезеңге сай келетіндігін сәйкестендіріңдер.



## § 8. ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

**1-тапсырма.** Картамен жұмыс.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған мемлекеттерді картадан көрсетіңдер.
2. Ол мемлекеттердің бұрын қай империяның құрамында болғанын көрсетіңдер.

**2-тапсырма.** Төмендегі атаулар, жылдар және адам аттарының қай мемлекетке байланысты екенін анықтаңдар.

Карл-Рентер, Томаш Масарик, Ю. Пилсудский, К.Э.Маннергейм, Конья, Киликия, К. Кятс, К.Ульманис, Каунас, Черногория, А.Сметон, М.Кемал, Лозан, IV Мехмед, Мудрос, Сакарий, 1920 жылдың жазы, 1922 жылғы құрылтай сеймі, 1922 жылы, 6 желтоқсан, Бела Кун, Трианон, 1918 жылы, 12 қараша; 1922 жылы, 2 маусым; 1923 жылы, 29 қазан; Нәзір Төреқұлов, 1917 жылы, 11 желтоқсан; 1918 жылы, қазан.

**3-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жаңа мемлекеттердің пайда болуының алғышарттары қандай?
2. Ірі империялар неліктен күйреді?
3. Нәзір Төреқұлов туралы не білесіңдер?

**4-тапсырма.** Есте сақтаңдар.

### Азамат соғысының жылнамасы

1. **31.01.1921 ж.** — Сібірде Есіл—Петропавл көтерілісі болды.
2. **25.02.1921 ж.** — Қызыл Армия бөлімдері Тифлиске енді.
3. **18.03.1921 ж.** — Рига бейбіт келісімі. Польшаға Батыс Украина мен Батыс Белоруссия берілді.
4. **Мамыр-маусым, 1920—1921 жж.** Тамбовта басталған шаруалар көтерілісі басылды.
5. **Маусым-шілде, 1921 ж.** — Қызыл Армия моңғол қосындарымен бірігіп Ургені ақтардан тазалады.
6. **Наурыз, 1921 ж.** — Балтық флотындағы Кронштад бүлігі басылды.

**5-тапсырма.** Мына шрифтограмма+цифрограмманы шешіңдер.

**ШРИФТОГРАММА + ЦИФРОГРАММА**

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а | к | з | я | а | ң | м | е | а | с | т | ч | с | к | о |
| і | ғ | м | ы | е | с | т | ы | і | ж | н | а | і | ғ | ң |
| д | т | а | а | й | р | ы | и | н | х | д | ы | а | н | к |
| д | е | а | ң | б | е | ұ | с | л | ү | с | к | а | і | я |
| м | с | е | а | т | т | і | ә | т | с | ө | к | т | е | е |
| р | н | и | ш | к | е | о | с | м | а | м | я | у | с | н |
| а | и | т | з | ы | м | ә | с | р | а | е | я | к | с | е |
| а | т | т | і | ы | н | д | е | е | к | л | ө | а | ш | т |
| у | а | г | л | е | д | м | ы | ә | ж | х | з | 28 | 23 | 3 |
| 20 | 16 | 7 | 37 | | | | | | | | | | | |

**ЦИФРОГРАММА**

| | | |
|---|---|---|
| 21,11,38,18,28,19 | 7,1,17,26 | 10,1,6,7,1,13,37,18,1 |
| 24,2,13,14,8,24 | 23,8,24,8,13,7,8,5,38 | 25,21,23,25 |
| 1,11,1,17,1,25 | 24,20,6,37,24,37,18 | 3,20,16,1,7,37 |
| 14,8,11,8,19,5,8 | 3,21,16,26,5,8 | |

## § 9. КСРО-да ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Азық-түлік салғырты дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Жаңа экономикалық саясатқа көшуді қандай жағдайлар талап етті?

3. Жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында қандай шаралар жүзеге асырыла бастады?
4. Жаңа экономикалық саясаттың нәтижесі қандай болды?

**2-тапсырма.** Бос торкөздерді толтырыңдар.




Азамат соғысы аяқталып, бейбітшілік біртіндеп қалпына келе бастаған кезде жаңадан құрылған үкіметтің жағдайы өте қиын болды. Азамат соғысы кезінде енгізілген "Әскери коммунизм" саясаты халықтың қарсылығын туғызды. Большевиктік партия бір-бірімен тығыз байланысты қандай екі мәселені шешу керек болды?

**3-тапсырма.** ЖЭС жылдары КСРО-дағы ауыл шаруашылығы өнімінің өсу қарқыны қандай болды?



Кестелерге қарап, әңгіме құрастырыңдар және өндірістегі қол жеткен табыстардың нәтижелерін анықтаңдар.




**4-тапсырма.** Кестені толтырыңдар.

| Ауыл шаруашылығы өнімдері | 100 кг ұн | 1 кг ет | 1 литр сүт |
|---|---|---|---|
| Мемлекеттің ұжымшардан сатып алу бағасы | 10 сом 10 тиын | 21—55 тиын | 9—14 тиын |
| Бөлшек сауда бағасы | | | |

Сатып алу бағасы мен бөлшек сауда бағасы арасында қандай үлкен айырмашылық бар екенін түсіндіріңдер.

**5-тапсырма.** Мына сөзжұмбақты шешіңдер.

**КРИПТОГРАММА — “СЫБЫЗҒЫ”**

1. Шаруалар қандай саясатқа қарсы шықты?
   1,2,3,4,5,6*3,7,8,8,9,10,6,11,8.
2. Қиын жағдайдан шығудың жолы.
   12,13,14,13*15,3,7,10,7,8,6,3,13,16,17,18*2,13,19,2,13,20.
3. Қазақстан халқының аштыққа ұшырау себебінің бірі.
   18,9,13,14,21,17,16,17,18.
4. 1925 жылы БКб(П) XIV съезінде белгіленді.
   6,10,22,9,2,20,5,6,19,16,1.
   3,10,22,17,5,9.
5. Қамауға алынған көрнекті мемлекет қайраткері.
   5,17,2,18,23,16,7,24.
6. 1921 ж. 12 наурыздағы келісім.
   13,25,17,16,21,17,10 — 3,4,14,4,2.
7. КСРО-да қалыптасқан жүйе.
   1,3,26,8,21,26,16 — 1,8,26,5,21,26,16.
8. Қазақстан лагерінде оның туған-туыстары отырды.
   27,13,8,13,5,10,6,3.
9. Аңдамай ........, ауырмай өледі.
   2,28,29,16,4,28,4,10.




***Сыбызғы*** **— үрмелі музыкалық аспап**

Криптограмманы дұрыс шешкенде қазақтың мақалы шығады. Осы мақалға түсінік беріңдер.

## § 10. 1929—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс қашан басталды?
2. Экономикалық дағдарыс халықтың әлеуметтік жағдайына қалай әсер етті?
3. Неліктен жұмыссыздар саны өсіп, көптеген банктер банкротқа ұшырады?
4. "Банкрот" сөзінің мағынасын түсіндіріп, мысал келтіріңдер.

**2-тапсырма.** Өздеріңді тексеріңдер.

### ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

**Экономикакалық дағдарыс**

**1.** Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс неше жылға созылды?

а) 4 жыл; ә) 5 жыл; б) 6 жыл.

**2.** АҚШ-тағы 285 домна пештерінің нешеуі жұмыс істеді?

а) 44; ә) 45; б) 46.

**3.** АҚШ-та өндірілетін автокөліктер саны бір айда неше есе кеміді?

а) 11 есе; ә) 12 есе; б) 13 есе.

**4.** АҚШ-та шойын өндіру 1929—1933 жылдары қанша тоннаға дейін кеміді?

а) 3585 мың тоннадан 572 мың тоннаға дейін;
ә) 3785 мың тоннадан 572 мың тоннаға дейін;
б) 3765 мың тоннадан 570 мың тоннаға дейін.

**5.** АҚШ-та болат өндіру 1929—1933 жылдары қанша тоннаға дейін кеміді?

а) 4898 мың тоннадан 815 мың тоннаға дейін;
ә) 4698 мың тоннадан 813 мың тоннаға дейін;
б) 4798 мың тоннадан 715 мың тоннаға дейін.

**6.** 1929—1933 жылдардағы АҚШ-тағы жұмыссыздар саны:

а) 15—17 млн; ә) 16—17 млн; б) 19—20 млн.

**7.** АҚШ-та 1931 жылы қазан айында банкротқа ұшыраған банктер саны:

а) 510 банк; ә) 520 банк; б) 521 банк.

**8.** Дағдарыс жылдарындағы әлемдегі жұмыссыздар саны:

а) 30–35 млн; ә) 31–35 млн; б) 32–35 млн.

**9.** АҚШ-тағы өндіріс өнімдері неше пайызға кеміді?

а) 46 пайызға; ә) 45 пайызға; б) 47 пайызға.

**10.** Дағдарысты әлсірету жолдарының бірін көрсеткен көрнекті ағылшын ғалымы Джон Кейнстің "Ақша жөнінде трактат", "Жұмыспен қамтамасыз ету", "Пайыз және ақша теориясы" атты еңбектері қай жылдары жарияланды?

а) 1930 ж.; ә) 1931 ж.; б) 1929 ж.

11. Гитлер бастаған фашистік партия Германиядағы саяси билікке қай жылы араласты?

а) 1932 ж.; ә) 1933 ж.; б) 1931ж.

## § 11. АҚШ: “ЖАҢА БАҒЫТ” САЯСАТЫ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. “Жаңа бағыт” саясатының негізін қалаған кім?
2. Ф.Д.Рузвельт туралы не білесіңдер?
3. АҚШ-та экономиканың жандануына не әсер етті және жандануы қай жылдары басталды?
4. Сот және басқа реформалар мақсаттарына жете алды ма?

**2-тапсырма.** Төмендегі кестеде кімге байланысты айтылған? Ол туралы не білесіңдер?

Кесте және оқулық арқылы өз беттеріңмен ізденіп, кестені толықтырыңдар. Өз ойларыңды қысқаша әңгімелеп беріңдер.




**3-тапсырма.** Тест тапсырмаларын орындап, тақырыпқа байланысты білімдеріңді тексеріңдер.

1. Дағдарыстың күшеюі неден көрінді?

а) Өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы;
ә) жұмыссыздар санының өсуі;
б) банк жүйесінің күйзелуі;
в) үш жауап та.

2. Ф. Рузвельт қай партияның өкілі?

а) Республикашылар;
ә) консерваторлар;
б) демократтар;
в) либералдар.

3. Ф. Рузвельт президенттік сайлауда қай жылдары жеңіске жетті?

а) 1924, 1928 жж.;
ә) 1928, 1932 жж.;
б) 1932, 1934 жж.;
в) 1932, 1936 жж.

4. Реформа жүргізудің кең бағдарламасы аталды:

а) "Тура жол";
ә) "Жаңа бағыт";
б) "Жаңа ізденіс";
в) "Жаңа дүние".

5. Банктерді дағдарыстан шығару жолында арнайы конгресс мәжілісінде:

а) төтенше актілер қабылдады;
ә) мемлекет қолына бүкіл алтын қоры шоғырланды;
б) ұсақ, орташа салымшыларды қамсыздандыру;
в) түгел жауаптары дұрыс.

6. Экономиканың жандануы қай жылдан басталды?

а) 1932 ж. көктем;
ә) 1933 ж. көктем;
б) 1933 ж. қыс;
в) 1934 ж. көктем.

7. АҚШ-та тұңғыш әлеуметтік қамсыздандыру туралы заң қашан қабылданды?

а) 1934 ж. 14 тамыз;
ә) 1934 ж. 28 тамыз;
б) 1935 ж. 14 тамыз;
в) 1935 ж. 28 тамыз.

8. Сот реформасын жүргізудегі мақсаты:

а) сенаттың келісімімен қосымша сот тағайындау және сот жүйесіне халық арасынан жастарды тарту;
ә) сот жүйесіне елеулі өзгерістер енгізу және жас айырмашылығына қарай шектеу қою;
б) сот жүйесіне тек белгілі бір әлеуметтік топтан қызметке тағайындау.

9. Реформалар тапаралық шиеленістерді шешті ме?

а) Шешті;
ә) шеше алмады;
б) неліктен, жауаптарыңды өз ойларыңнан толтырыңдар.

**4-тапсырма.** Кестені пайдаланып, әңгіме құрастырыңдар.

**Өнеркәсіптік өндірістің 1922—1938 жж. дамуы**
(Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс)



## § 12. 1918—1939 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ЕЛДЕРІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында неліктен Латын Америкасы елдері тез дамыды?
2. Қай елде "революциялық каудилизм" тұрақтанған?
3. "Тенентистер" қозғалысы туралы не білесіңдер?
4. "Көсемге табыну" жоғары орын алған ел туралы айтып беріңдер.

**2-тапсырма.** Төмендегі тарихи оқиғаларға сипаттама беріңдер. Карточкалармен жұмыс жасаңдар.

### 1-*карточка*

1. Мексика:

   а) 1910—1917 жж. революция;
   ә) алғашқы демократиялық-буржуазиялық үкімет;
   б) Кальес үкіметінің жүргізген саясаттары.

2. Перу:

   1924 жылғы студенттер қозғалысының жетекшісі Торренің құрған партиясы және оның бағдарламасы?

### 2-*карточка*

1. Бразилия:

   а) Тенентистер көтерілісі;
   ә) Престестің "Жеңілмес колоннасы".

2. Никарагуа:

   а) Сандиноның көтерілісшілер армиясы;
   ә) Самоса диктатурасы.

### 3-*карточка*

1. Аргентина:

   а) азаматтық радикалды одақтың 2-ге бөлінуі;
   ә) 1928 ж. реформалар.

2. Чили:

   а) 1924 ж. төңкеріс;
   ә) Жаңа үкімет реформалары, 1927—1931 жж. диктатурасы.

### 4-*карточка*

1. Куба:

   а) Херардо президенттігі.

2. Латын Америкасындағы дағдарыс:

   а) Боливия-Парагвай соғысы;
   б) АҚШ-тың "мейірімді көрші" саясаты.

# ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР

## Сендер білесіңдер ме?

**Мексика** — ол бұрынғы өркениеттің орталығы болған. Осы аумақта б.з.д. VI ғасырдағы атақты Майя өркениеті, XIV, XV ғасырларда Орталық және Оңтүстік Мексикада ең ұлы империя ацтектер империясы болған. 1519 жылы испандық Хернандо Кортестің қосындары ацтектерге қарсы ұрысқа кіріседі. 1535 жылы ацтектер империясы құлап, испан отарына айналды. Сондықтан Мексиканың мемлекеттік тілі — испан тілі.

**Перу** — 1100 жылдары құрылған инктер мемлекетінің орталығы. 1500 жылдары инктер мемлекетінің құрамына Эквадордағы Китодан Чилидегі Моле өзеніне дейінгі аралық енді. Инктер өздерінің алтын бұйымдарымен әйгілі. 1532 жылы Франсиско Писсароның басқаруымен испан отрядтары инктер мемлекетін құлатты. Испан отары болып олар 300 жыл өмір сүрді. 1821 жылы 28 шілдеде Перу тәуелсіздігін алды. 1535 жылы Лима қаласының негізі қаланды. Қазіргі Перудің астанасы — Лима.

**Бразилия** — Еуропалықтар келгенше Бразилияны үндіс тайпалары аравактар мен карибтер солтүстігін, тупи-гуарни шығыс жағалауы мен Амазонка бойлауын, ге — шығысы мен оңтүстігін, пано — батысын мекендеген. Бірінші болып Бразилияға келген еуропалық — португалдық теңізші Педро Альварес Кабрал. XVI ғасырдың ортасында аумақ Португал отарына айналды. 1808 жылы Наполеоннан қашып Бразилияға Португал королі көшіп барып, Бразилияны корольдік деп жариялады. 1822 жылы 7 қыркүйекте Дома Жоао II қайтып оралғаннан кейін, оның ұлы Педро Бразилияның тәуелсіздігін жариялады.

**Никарагуа** — Астанасы — Манагуа. Мемлекеттік құрылысы — республика. Үкімет басшысы — премьер-министр. Ақшасы — кордоба оро. Никарагуаны 1502 жылы Христофор Колумб ашқан. 300 жыл испан отары болып, 1821 жылы тәуелсіздігін алды.

**Аргентина** — табиғаты жағынан өте қызықты елдердің бірі. Көптеген мұражайлардың ішінде Буэнос-Айрестегі жаратылыстану және көркем мәдениет мұражайлары, халықаралық көркемсурет галереясы, Ла-Плата мұражайы тасқа айналған топтамаларымен дүниежүзіне әйгілі. Туристерді Ла-Сантиссима-Круз шіркеуіндегі XVI ғасыр кресті және отарлық өмірді бейнелейтін мұражайлар қатты қызықтырады. Мар-дель-Плата қаласы спорттық балық аулау орталығы.

**Чили** — жағалауына бірінші болып келіп түскен Португал теңізшісі — Фердинанд Магеллан (1520 ж.). 1535 жылы келген испандықтар, үш жылдық әскери қақтығыстарынан кейін елдеріне қайтып кетті. 1540 жылы қайтып келіп, 1541 жылы Сантьяго бекінісінің негізін қалады. XVI ғасырдың ортасынан бастап, вице-корольдік Перудің құрамында болды. 1810 жылы 18 қыркүйекте тәуелсіздігін жариялап, 15 жылдай тәуелсіздігін мойындату үшін испандықтармен соғысуға тура келді.

**Куба** — Христофор Колумб Куба жағалауына 1492 жылы 28 қазанда келіп кеткен. 1511 жылы отарлау басталды. XVI ғасырдың ортасында қатыгез отарлау саясаты негізінде жергілікті үндістер түгелдей жойылып кетті. Олардың орнына негр-құлдар әкеліне бастады. XVI және XVII ғасырларда арал гүлдене түсті. 1895 жылы Куба революция негізінде Испания отарынан бас тартты. Енді Кубаға негізгі билікті АҚШ жүргізе бастады. 1902 жылы 20 мамырда Куба формалды түрде тәуелсіз мемлекет деп аталды.

## § 13. ҰЛЫБРИТАНИЯ МЕН КАНАДА СОҒЫСАРАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕ

### Сендер білесіңдер ме?

Ұлыбританияның жалпы тарихына тағы да бір рет шолу жасап кетейік. Өйткені “қайталау — білімнің анасы” дегендей, оқушылар белгілі бір кезең тарихын оқыған кезде, сол мемлекеттің одан бұрынғы тарихына шолу жасап отырса, нұр үстіне нұр. Б.з.д. 43 жылы Британия Рим империясының құрамына еніп, 410 жыл оның қол астында болған. 1066 жылы Ұлыбритания ұсақ корольдіктері нормандық қолбасшысы Вильгельмнің күшімен біріккен. 1338 жылы Англия мен Франция арасында 100 жылдық соғыс басталды. 1603 жылы шотланд королі Яков VI ағылшын тағына отырып, іс жүзінде Англия және Шотландия корольдігі бірікті. 1801 жылы Ирландия біріктірілді. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Англияның ауыр жағдайы Ирландиядағы ұлт-азаттық қозғалысты күшейтті. 1921 жылы Ирландия тәуелсіздігін жариялады. Бірақ Солтүстік Ирландия мәселесі әлі күнге дейін шешілген жоқ.

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ұлыбританияның қандай саяси партияларын білесіңдер және олар кімдердің мүдделерін қорғады?
2. Ллойд Джордж үкіметі дамудың қандай жолын таңдады?
3. Халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру үшін қандай шаралар жүргізілді?
4. Қай партияның билігі кезінде Ұлыбританияның саяси-әлеуметтік жағдайы жақсарды?

**2-тапсырма.** Мына төмендегі сөзжұмбақты шешіңдер.

**СКАНВОРД — ҰЛЫБИРАТАНИЯ**




| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

**3-тапсырма.** Қосымша материалдарды қолдану арқылы 31-беттегі кестеге түсініктеме беріп, бос торкөздерді толықтырыңдар.

<table>
<tr><th>Саяси-әлеуметтік дамуы</th><th colspan="2">Экономикалық дамуы</th><th>Саяси қайраткерлер</th><th colspan="2">Сыртқы саясаты</th></tr>
<tr><td>1918 ж. сайлау құқығы енгізілді. Ерлер — 27 жастан, әйелдер — 30 жастан. 14 жасқа дейінгі балалар тегін оқытылды.</td><td colspan="2">Бірінші дүниежүзілік соғыс Англия үшін орасан зор қиыншылықтар әкелді.<br>Келтірілген шығындар.</td><td>1. Ллойд Джордж (1863—1945 жж.) премьер-министр (1918—1922 жж.) кезінде реформалық даму жолын жақтады. Ірі державалар арасындағы шиеленістерді шешудің хас шебері.</td><td colspan="2">Версаль шартына байланысты</td></tr>
<tr><td rowspan="5">Үй құрылысында қаржыландыру артты. Карттыққа берілетін зейнетақының және жұмыссыздыққа берілетін жәрдемақының мөлшері өсті.</td><td>Адам шығыны</td><td>750 мың</td><td rowspan="5">2. Рамсей Макдональд (1866—1937 жж.) 1894 жылдан тәуелсіз партия мүшесі, 1912—1924 жылдары лейбористік партияның қазынашысы, ұлттық коалициялық үкіметке басшылық етті.</td><td rowspan="3">Жер көлемі</td><td rowspan="3">2,6 млн км$^2$ көбейді</td></tr>
<tr><td>Жараланғандар</td><td>1 млн</td></tr>
<tr><td>Сауда флоты кемелер</td><td>70 %</td></tr>
<tr><td>Өндіріс өнімі</td><td>20 %</td><td rowspan="2">Адам саны</td><td rowspan="2">13 млн көбейді</td></tr>
<tr><td>Сыртқы қарызы</td><td>1150 млн</td></tr>
<tr><td>Ірі буржуазия тобының мүддесін қорғады. Жұмысшылардың жалақысы кемітіліп, еңбек сағаты ұзартылды. Нәтижесінде ереуілдер бой алды.</td><td colspan="2"></td><td>3. Стэнли Болдуин (1867—1947 жж.) консерваторлық үкімет құрды. 1867 ж. бай капиталист отбасында дүниеге келген. Бизнес саласында, саясат бағытында үлкен жетістіктерге жеткен.</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>1929 жылы сайлауда лейбористер партиясы жеңіске жетті.</td><td colspan="2">Зауыттар мен фабрикалардың жұмысы нашарлады.</td><td></td><td colspan="2"></td></tr>
</table>

## § 14. ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ИСПАНИЯ. ХАЛЫҚТЫҚ МАЙДАН

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Франциядағы Халықтық майдан туралы не білесіңдер?
2. Мантиньон келісімі қай жылы болды?
3. Испаниядағы франкшілердің бүлігі қалай аяқталды және нәтижесі қандай болды?

**ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:**



# § 15. ИТАЛИЯ МЕН ГЕРМАНИЯДАҒЫ ФАШИЗМ

**1-тапсырма.** Фашизм бүкіл әлем халықтарына үлкен зардап әкелген саяси қозғалыс. Фашизм ұғымының қайдан шыққанын есте сақтау үшін төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Суреттен қай елдің картасын көріп тұрмыз?
2. Аралда ненің суреті бар?
3. Оқулықтың 2-азат жолында бұл туралы не деп жазылған?




**2-тапсырма.** Төмендегі кестені пайдаланып, әңгіме құрастырыңдар.




**3-тапсырма.** Мына шеңбер ішіндегі жазылған қысқа тезистерге түсінік беріңдер.



**4-тапсырма.** Төмендегі тізбекті сөздерді (чайнворд) шешіңдер.

**ЧАЙНВОРД**




1. Топ, одақ, бірлестік.
2. Фашистердің қосындарын қаржыландырды (Италия).
3. Фашизмнің отаны.
4. Аралдың аты.
5. Италиядағы оппозициялық партия депутаттарының блогы.
6. Неміс фашистері.
7. Германияның сыртқы саясат министрі.
8. Фашистік (Италия) отрядтарды қаржыландырды.
9. Фашистік диктатураның негізгі қуғын-сүргін органы.
10. Концлагерь.
11. Веймар президенті.
12. Эсэсші.
13. Насихат министрі.
14. 1938 жылы Германияға қосылды.
15. 1933 жылы Гитлер сайланды.
16. Италияның астанасы.
17. Италия фашизмінің негізін қалаған.
18. Италия Германиямен бірге қай елге интервенция жасады?

**5-тапсырма.** Мына сканвордты дұрыс шешкенде Муссолинидің өмірбаянына байланысты дерек шығады.




| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

**6-тапсырма.** Төмендегі криптограмманы шешкен кезде Гестапо құпияларының сырын анықтайсыңдар.

### КРИПТОГРАММА — “ГЕСТАПО”

1. Веймар Республикасының президенті — 1,2,3,4,5.
2. ГКП-органы (газеті) — 4,6,5,37,8,9,3.
3. Фюрер сөзінің мағынасы — 10,11,12,3,13.
4. 1933 жылы Гитлерді рейхсканцлер етіп тағайындаған президент —14,15,9, 16,3,9,17,18,4,14.
5. Құпия полиция — 14,3,12,5,8,20,6.
6. СС қосындарының киімінің түсі — 21,8,4,8.
7. Рейхстагты өртеушілер процесі — 22,3,23,20,24,15,14.
8. Терісінің түсіне байланысты кемсіту — 9, 24, 12, 25, 22, 26, 25, 22, 16, 25, 10.
9. Ұлтшылдықтың шектен шыққан формасы — 26, 6, 29, 15, 9, 15, 30, 13.
10. Тимучинге берілген ат — 26, 32, 33, 34, 32, 12.

**7-тапсырма.** Криптограмманы дұрыс шешкенде Төле бидің толғауынан үзінді шығады.

### КРИПТОГРАММА — “ТӨЛЕ БИДІҢ ТОЛҒАУЫ”

21, 8, 30, 8, 21, 5, 8, 9 ▲ 5, 18, 31, 8, 9 ▲ 8, 12, 32, 22, 16, 8, 4, 11, 9, 3, 14, 3 ▲ 17, 6, 22, 8, 4▲ 35, 4, 20, 8, 21, 24, 8 24, 23, 5, 3, 10, 3▲13, 3, 9▲ 21, 8, 30, 32, 17, 3, 16 24, 16, 25, 22, 25, 9 ▲ 8, 23, 5, 2, 8, 9▲ 3, 4 3, 16, 25

**8-тапсырма.** Төменде берілген "Ойлан тап!" ойынының нәтижесінде шыққан сөздің мағынасын түсіндіріңдер.

РЕБУС — **"ФАШИЗМ"**




## § 16. ЖАПОНИЯ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Жапонияның ішкі және сыртқы жағдайы.
2. Жапония Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қай одақтың құрамында қандай елдерді жаулап алды?
3. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы және Жапонияның саяси жағдайы туралы әңгімелеңдер.

**2-тапсырма.** Кестедегі мәліметтерді салыстыра отырып, Қазақстандағы радиация зардаптарына толығырақ тоқталып, мысал келтіріңдер.

**Жапония** **Қазақстан**

| **Атом бомбасының тасталған уақыты, жерлері** | | **адам өлімі** | **уақыты** | |
|---|---|---|---|---|
| 06.08.1945 ж. | Хиросима | | 1949 ж. 29.08. | Семей полигонында жер беті ядролық сынағы жасалды |
| 9.08.1945 ж. | Нагасаки | 114 мың | — | |
| | | | 1989 ж. | 470 рет жер беті және жерасты жарылыстары жасалды. Жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбаның қуатынан 2,5 мың есе артық. Жақын аудандарда тұратындарды алып қарағанда 350 адамның 20-сы қатерлі ісік ауруымен ауырады |

**3-тапсырма.** Сұлба қай мемлекетке байланысты жасалған? Төмендегі тарихи оқиғалар бойынша әңгіме құрастырыңдар.




**4-тапсырма.** Төмендегі құжатпен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер.

КСРО, АҚШ және Ұлыбритания — үш ұлы державалардың басшылары келісімімен Германия тізе бүгіп, Европадағы соғыс аяқталғаннан кейін, 2-3 айдан соң Кеңес Одағы одақтастар қатарында Жапонияға қарсы мына жағдайда соғысқа кіреді:

1. Моңғол Халық Республикасының *Status duo* сақталуы;

2. 1904 жылы Жапонияның бас салуы нәтижесінде айырылып қалған Ресейге тиісті құқықтардың қалпына келтірілуі, атап айтқанда:

а) Сахалин аралының Оңтүстік бөлігін және жақын жатқан ұсақ аралдарды Кеңес Одағына қайтару;

б) Кеңес Одағының мүддесін қамтамасыз ете отырып сауда порты Дайренді интернационализациялау және Порт-Артурды КСРО-ның әскери-теңіз базасы ретінде қолдануын қалпына келтіру...

*И. Сталин*
*Ф. Рузвельт*
*У. Черчилль*
*11 ақпан 1945 ж. Ялта*

1. Одақтастар неліктен КСРО-ның Жапонияға қарсы соғысқа қатысуын қажет етті?
2. Сахалин аралына байланысты сол кездегі жағдай қандай болды?

## § 17. ҚЫТАЙ. МОҢҒОЛИЯ

### Сендер білесіңдер ме?

Аңыз бойынша Қытай халқы Хуанхе өзенінің аңғарынан тараған. Шығыс Қытайда күрішті б.з.д. 5500 жылы өсіре бастаған. Пекиннен табылған ежелгі адамның сүйегіне 460 мың жыл. Алғашқы өркениет б.з.д. 4-мыңжылдықта пайда болған. Әлемнің 7 кереметінің бірі де осы Қытай елінде. Осындай тарихы бай елмен көрші болып келе жатқан мемлекеттердің бірі — Қазақстан. Кезінде патшалық Ресей империясының қол астында болғандықтан XIX ғасырдағы қазақ-қытай қарым-қатынасы Ресей мемлекеті арқылы шешілген болатын. Оның айғағының бірі 1851 жылы 25 шілдедегі "Құлжа келісімі". XIX ғасырдың 40-жылдарына дейін Қазақстан арқылы Ресейге 140 пұтқа жуық шай жеткізілсе, Құлжа келісімінен кейін жылына 3000 пұттай шай жеткізілген. Шыңжаңмен саудаға Қапал, Верный, Сергиополь белсене араласты. Қазақ саудагерлері — Шаянбаев, Жандыбаев, Жақыпов, Жетіковтардың аты бүкіл Шығыс Түркістан сауда әлеміне белгілі болды.

XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басында ішкі шиеленістердің әсерінен Қытай мемлекеті әлсірей бастады. Ресей, Англия, Жапония — Қытайдың ішкі саяси-экономикалық дамуына қатты әсер етті. 1912 жылы 1 қаңтарда Қытай республика болып жарияланды.

Моңғолия ертедегі мемлекеттердің бірі. Ол күшінің шарықтау шегіне XIII ғасырда — Шыңғысхан мен оның әулетінің билігі кезінде жетті. Олардың иелігінде Қытайдан бастап Польша мен Венгрияның шекарасына дейінгі аумақтар енді. Гоби шөлі палеонтологиялық қазба байлықтарына өте бай. Ғылымға танымал динозаврлардың үштен бірі осы Моңғолияда табылған. Моңғолиядан табылған руналық жазулар, әсіресе Білге қаған мен Күлтегіннің құрметіне жазылған руналық жазулар ежелден тарихымыздың бір-бірімен тығыз байланыстылығын көрсеткендей. Қазіргі кезде осы ескерткіштердің көшірмелері мемлекетіміздің астанасы Астанада тарихи орталық мұражайға қойылған. XX ғасырдың басында Моңғолия Азиядағы ең артта қалған мемлекеттердің бірі болды.

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XX ғасырдың бас кезіндегі Қытайдағы саяси қозғалыстар туралы не білесіңдер?
2. Қытайдың көрші мемлекеттермен саяси-экономикалық байланысы қандай болды?
3. Моңғолияда республиканың орнауы және республика орнату жолындағы қиыншылықтар жайлы айтыңдар.

**2-тапсырма.** I және II бөлімдегі сөйлемдерді сәйкестендіріңдер.

### 1-*нұсқа*

**I бөлім**

1. 1919 жылғы 4 мамыр қозғалысы болды.
2. Орыстардан үлгі алуға шақырды.

3. Гоминьданның негізін қалады.
4. 30 мамыр қозғалысы.
5. Сауда қатынасы айырбас деңгейінде жүргізілді.
6. Сухэ Батор.

**II бөлім**

1. Ағылшындар шеруге оқ жаудырды.
2. Ли Дачжао.
3. Дүниежүзі халықтарының азаттық қозғалысы, көршілес Ресейдегі революция.
4. Сунь Ятсен.
5. Моңғол халық партиясы.
6. 37 грамм күміс.

## *2-нұсқа*

**I бөлім**

1. Қытайдағы әскери кеңесші.
2. Қанды террор жолына түсті.
3. 1931 жылғы Орталық жұмысшы-шаруа үкіметінің төрағасы.
4. Алматы — Ланьчжоу.
5. 1921 жылғы халық революциясы.
6. 1924 жылы Боғдыхан қайтыс болды.

**II бөлім**

1. Чан Кайши үкіметі.
2. Мао Цзэдун.
3. В.К.Блюхер.
4. Конституция қабылданып, МХР жарияланды.
5. Қытай еліне жүк таситын әуе жолы.
6. Бай-феодалдық таптың экономикалық үстемдігі құламады.

**3-тапсырма.** Мына шытырманды шешіңдер.

1931 ылж
үйқыркек
нопжа

тайқы
руньманяжч

Шатасқан әріптерді орнына қойып, шыққан сөздерге байланысты тақырыпты қысқаша әңгімелеңдер.

## § 18. ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ

### Сендер білесіңдер ме?

Үндіқытай түбегіндегі Вьетнам, Лаос, Камбоджа елдері ұзақ жылдар француздардың шырмауында болды.

**Вьетнам.** Б.з.д. 1-мыңжылдықта қазіргі Вьетнам аумағында О-Лак корольдігі өмір сүрген. Б.з.д. 221 жылы Солтүстік Вьетнам Қытай империясының бір бөлігіне айналды. Империя құрамынан шығуға қанша тырысса да, б.з. 939 жылға дейін Қытай үстемдігі сақталады. XI ғасырдың басында бірінші Вьетнам әулетінің негізін қалаған Ли әулеті 200 жылдай билік етті. Мемлекетті басқару институттары Қытай мемлекетінің көшірмесі болды. Негізгі діни бағыт конфуциандық болды. 1858 жылы Вьетнамға Франция басып кіріп, оны 1884 жылы өз протекторатына айналдырды.

**Индонезия.** 2000 жыл бұрын Индонезияда, әсіресе Явада индуистік және буддалық өркениет өзінің гүлденген шағына жетті. XIII ғасырда аралдарға ислам

діні келді. Ол әсіресе XV ғасырда Малакк сұлтандығы пайда болған кезде бекіді. XVI ғасырда португалдар аралда өз саясаттарын жүргізе бастады. XVII ғасырда оларды біртіндеп голландықтар ығыстырды. 1750 жылы голландықтар Ява аралын отарлап алды, бірақ қалған аралдар XX ғасырдың басында ғана Голландияның қолына өтіп, бір мемлекетке айналды.

**Камбоджа.** Бірінші корольдік Фунан қазіргі Кампучия жерінде б.з.д. I ғасырда пайда болды. VII ғасырда оны бұрынғы вассалдық мемлекет Гонлесап бағындырды. XI—XIII ғасырларда Тайланд, Камбоджа, Лаос, Оңтүстік Вьетнам Кхмер империясының құрамына енді. Біртіндеп Кхмер империясы әлсіреп, 1620 жылы Кхмер королі Четта II вьетнам ханымына үйленгеннен кейін, Вьетнам мен Сиамның басқаруына көшті. 1863 жылы бұл іске Франция араласып, Камбоджаны өз протекторатына айналдырды.

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Үндіқытай түбегіне қандай мемлекеттер орналасқан және олардың даму деңгейі XX ғасырдың басында қандай кезеңде еді?
2. Дүниежүзілік дағдарыс Үндіқытай елдеріне қалай әсер етті?
3. Ұлт-азаттық күресінің дамуына итермелеген жағдайлар туралы айтыңдар.

**2-тапсырма.** Тақырыпқа байланысты алған білімдеріңді мына тізбексөз (чайнворд) арқылы тексеріп көріңдер.

**ЧАЙНВОРД**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | 2 | | 3 | |
| | | | 4 | | | | | | |
| 5 | | | 6 | | | | 7 | | |
| | | | | 8 | | | | | |

1. Үндіқытай түбегіндегі мемлекет.
2. Францияға тасылған өнім.
3. Қазіргі Хо Ши Мин қаласы.
4. Қазақстандағы экономика түрі.
5. Дүниежүзілік базардағы бағасы төмендеді.
6. Индонезия ұлттық партиясын құрды.
7. Индонезия астанасы.
8. Индонезия коммунисі.

**3-тапсырма.** *Қауға*, *талыс* сөздеріне байланысты құрылған лабиринттердің шешімін табыңдар. Шыққан сөздерге түсінік беріңдер.

## ЛАБИРИНТ — “ҚАУҒА”



***Қауға*** **— малдың терісінен жасалған, құдықтан су тартып алуға арналған ыдыс**








***Талыс*** **— жылқының бас терісінен жасалған, зат салатын дорба**

**4-тапсырма.** Төмендегі криптограмманы шешіңдер.

**Бүге (бүк)**



1) Вьетнамдағы негізгі діни бағыт.
14, 20, 18, 29, 26, 32, 12, 1, 18, 24, 25, 4, 20 .

**Қынжы (Жантай)**



2) 1750 жылы голландықтар қай аралды отарлап алды? 42, 4, 1.
3) Франция отаршылдары метрополияға қандай жемістерді тасыды? 14, 1, 23, 7, 1, 17, 20, 18 ▲ 1, 22, 8, 16, 39, 24, 12, 18 ▲ 15, 20, 16, 1 және т.б.
4) 1927 жылы кім бастаған Индонезияның Ұлттық партиясы құрылды? 1, 30, 17, 8, 7 ▲ 24, 26, 14, 1, 23, 18, 20.

**Оңқа**



5) ҮҰК партиясы негізінен не үшін күресті? 23, 8, 29, 20, 23, 17, 1, 16, 1, 23.
6) Индонезия халқының қимылы атты партия. 5, 8, 23, 12, 18, 7, 20.

**Шоңқа**



7) 1929—1933 жылғы дүниежүзілік базарларда қандай өнімдердің бағасы кенет төмендеді? 14, 28, 23, 38, 34 ▲ 17, 37, 23, 37, 34 ▲ 10, 28, 5, 8, 23, 39

**Тәйке (тәйкі)**



8) 1916 жылы ҮҰК мен МЛ қандай қалаға (съезге) келді?
16, 1, 14, 18, 1, 26.
9) "Залымдыққа жол бермеу" деген христиан дінінің бір қағидасын ұстанған атақты орыс жазушысы. 25, 20, 16, 24, 25, 20, 13.
10) Өкіметке қарсы шыққандарды табан астында жазалау заңы. 23, 20, 26, 16, 8, 25, 25.

**Алшы**



11) Сұраққа жауап беріңдер. 1, 24, 37, 15, ▲ 20, 13, 37, 18, 37, ▲ 3, 1, 16, 1, 16, 1, 23, 7, 37, 18, 8, 5, 8 ▲ 28, 13, 23, 8, 25, 8, 7, 38?



**Шіге (шік)**

12) Мынау қандай сөз? 1, 24, 37, 15

**5-тапсырма.** Кестені дұрыстап, бағыттық сызықтармен сәйкестендіріңдер.

| | |
|---|---|
| 1. Пацифизм | 1. Латынша "халық" |
| 2. Жерсіз шаруалар | 2. Бүкіл Үндістанға таралды |
| 3. 1923 ж. революциялық күрес | 3. Саны артты |
| 4. Мемлекеттің билік жүйесі | 4. Англия қазынасын толтыруға жұмсады |
| 5. "Көз жасы төгіліп жиналған алтын" | 5. Өмірі 30—34 жастан аспады |
| 6. Орта есеппен үнділіктердің | 6. Толығымен Англияның қол астына өтті |
| 7. Популизм | 7. Соғысқа қарсы қоғамдық қозғалыс |
| 8. Үндістердің саяси басқармасы 1828—1835 жж. | 8. Парламентаризм |

**6-тапсырма.** Құпия жазуды шешсеңдер, Үндістанға байланысты сөйлемдер шығады.

**ШРИФТОГРАММА + ЦИФРОГРАММА**



**А Ж З Ұ И М Я Ы Н С Ы Ш Ң Ы О Н Ң Ы Т Ң У Т С А Т П І**
**Г Қ І А Н Н Д Т Е А Г Б І Ы У С Н Ы Д Ж І А С Н Т Ұ А**
**Н Я М С Е Ы Н Н Б Қ А А С М Қ Т А А Д М А С Б Ы І З Р**
**Қ Е А Т Т Т У А Г Р Е Е Ж Е Д Т Е П Р Е А Д Ғ І**
**37 16 34 37 18 7 1 23 37 19 20 25 1 23 37 3**
**20 16 1 25 37 18**

***Көнек*** **— ірі қараның бас не мойын терісінен жасалған, бие сауууға арналған шүмегі бар ыдыс**

**7-тапсырма.** Кестенің екі жағын сәйкестендіріңдер.

| | |
|---|---|
| 1. Өзін-өзі билеу | 1. Сатьяграха |
| 2. Өзіндік өнім шығару | 2. Жергілікті және орталық өкімет қызметіне үнділерді қатыстыру |
| 3. Ақиқаттағы батылдық | 3. Сварадж |
| 4. Кесапаттылар кастасы | 4. Ең төменгі каста |
| 5. Мотеню Челлисфорд реформасы | 5. Свадеши |
| 6. Раулет заңы | 6. “Азаматтық бағынбау” қозғалысы |
| 7. Субхас Чандра Бос | 7. Полицияға өкіметке қарсы шыққандарды жазалауға рұқсат беру |
| 8. М.К.Ганди | 8. Үнді ұлттық армиясының басшысы |

**8-тапсырма.** Анаграмманы дұрыс шешкенде мемлекет атауы шығады.

1. Үндістандағы партия.
2. Азаматтық бағынбау қозғалысын басқарды.
3. 1916 жылы Англияға қарсылық көрсеткен елді мекен.
4. Ганди ұлт-азаттық қозғалысты қандай арнада жүргізуге тырысты.
5. Тұз қозғалысы кезінде абақтыға жабылды.
6. Бейбіт шеру кезінде 1 мыңдай адам оққа ұшты.
7. ҮҰК басшылығында болған.
8. Гандидің досы, саясаткер-күрескер.



## § 19. ҮНДІСТАН

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыс алдында Үндістанда қандай саяси талаптар пайда болды?
2. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде халықтың әлеуметтік жағдайы қандай еді?
3. "Күш қолданбай қарсыласу" дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Соғыстан кейінгі Үндістанның жағдайы өзгерді ме?

**2-тапсырма.** Үндістанның саяси басқарылымы 1828—1835 жылы толығымен Ұлыбританияның қол астына өтті. 1857 жылы протекторатына айналды. XX ғасырдың басында Үндістанда ұлт-азаттық қозғалыс жандана түсті. Барлық метрополиялар сияқты Ұлыбритания қауқарын өз мүддесіне сәйкес пайдаланды. Үндістанның жағдайы мен сол кездегі Қазақстанның арасында көптеген ұқсастықтар бар. Оны мына кестеден көруімізге болады.

| **Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Үндістан** | **Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қазақстан** |
|---|---|
| 1. Ел қазба байлығы мен азық-түлік метрополияға тынбай тартылды | 1. Салықтың түрі көбейді |
| 2. Алым-салықтар мөлшері ұлғайды | 2. Азық-түлік, жылқы соғыс қажетіне көптеп алынды |
| 3. Анасынан қызына мұрагерлікпен берілетін сақина, жүзіктерді өткізуге мәжбүрленді | 3. 1916 жылғы маусым жарлығы бойынша 19—43 жастағы ер адамдар майданның қара жұмысына алынды, т.б. |
| 4. Мыңдаған үнді азаматтары майдан шебіне жіберілді, негізінен, қара жұмыс атқарды | |

Екі отар елдердің сол кездегі жағдайына қарай отырып, нені байқауымызға болады?

## § 20. ИРАН. АУҒАНСТАН. ТҮРКИЯ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңында Иранның жағдайы қандай болды?
2. Ұлт-азаттық қозғалыстың күшеюіне әсер еткен жағдайлар.
3. 1921—1945 жылдардағы елдің саяси-экономикалық дамуы туралы не білесіңдер?
4. Ауғанстан халқының азаттық күресінің нәтижесі қандай болды?
5. Түркияда ұлт-азаттық қозғалысының жеңіске жетуі және республиканың орнауы туралы айтыңдар.
6. Кемал үкіметінің жүргізген реформалары қандай жетістіктерге әкелді?

**2-тапсырма.** Тірек-сызықтың ортасына мемлекеттің атын жазып, нүктелердің орнына жетпейтін деректерді толықтырыңдар.

*1-сұлба*




*2-сұлба*









**3-тапсырма.** Анаграмманы дұрыс шешкенде мемлекет атаулары шығады.

I

1. 1941 жылғы 25 тамыздағы Ирандағы оқиға.
2. 1914 жылы түрік әскерлері жаулап алған қала.
3. Солтүстік Ирандағы қозғалыс басшысы.
4. 1925 жылы билікке келді.

II

1. 1919 жылғы 29 ақпанда билікке келді (Ауғанстан).
2. 1917 жылы революцияның түрі.
3. 1919 жылғы 29 ақпанда билікке келген әмір қай ұйымның өкілі болды.
4. 1929 жылы ауған патшасы болып сайланды.
5. (*құпия әріп*).
6. Аманолла хан қандай төңкерістен кейін, биліктен айырылды.
7. (*құпия әріп*).
8. Қазіргі кезде Ауғанстанда болған қозғалыс.

Ш

1. 1905 жылы Кемал құрған үйірме.
2. Түркия банкі.
3. Ағылшын және француз кемелері басып алған бұғаз.
4. Ататүрік.
5. Кемалдың туған жері.
6. 1921 жылғы 23 тамыз — 13 қыркүйек шайқасының орнын атаңдар.

П




Ш




## § 21. АРАБ ЕЛДЕРІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Азиядағы араб елдеріне қай мемлекеттер жатады?
2. XX ғасырдағы араб елдерінің саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы қандай еді?
3. Сирия Республикасы қашан пайда болды?
4. Монархиялық тәртіп қай елдерде күшейді?

**2-тапсырма.** Араб елдері XX ғасырдың басында отарлы жағдайды басынан кешірді. Азиядағы араб елдері ресми түрде Түркия империясына қарасты болды. Араб елдері Бірінші дүниежүзілік соғыста бөліске түсетін елдерінің ішінде болды.

1915—1930 жылдарда араб елдерінде ұлт-азаттық күрес өршіді.

**Хронологиялық кесте**

| № | Жылы | Болған оқиғалар |
|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** |
| 1 | | Англия Хусейн шерифпен астыртын келісімге келіп, Түркияға қарсы бірлесіп соғыс бастады |
| 2 | | Франция мен Англия арасында Сайкс-Пико келісімі болды |

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| 3 | | Сирияның Латакия ауданында халық көтеріліске шықты |
| 4 | | Мысырда толқулар мен көтерілістер көбейді |
| 5 | | Франция Дамаск қаласын алды |
| 6 | | Сан-Ремо келісімі бойынша Англия Палестина мен Иракта өз протектораттығын орнатты |
| 7 | | Сирияда 35 көтеріліс болды |
| 8 | | Палестинада 590 мың араб, 82 мың еврейлер тұрды |
| 9 | | Сирия мен Ливанда халық көтерілістері үздіксіз болды |
| 10 | | Абдул әл-Азиз ибн Сауд мәлік аталды |
| 11 | | "Ұлттық одақ" жеңіске жетті |
| 12 | | Сирия Республикасы өмірге келді |
| 13 | | Палестинада 985 мың арабтар, 445 мың еврейлер қоныстанған |

**3-тапсырма.** Өздеріңді тексеріңдер.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

### АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

**1.** Арабтардың экономикалық мәдени орталығы.
а) Арабия түбегі;
ә) Каир;
б) Сирия;
в) Египет.

**2.** XX ғасырда араб елдері қандай жағдайды басынан кешірді?
а) Экономикалық дағдарыс;
ә) соғыс жағдайы;
б) отарлы жағдайды;
в) экономикалық секіріс.

**3.** Франция Солтүстік Африкадағы қандай елдерді билеген?
а) Чад;
ә) Тунис;
б) Антола;
в) Либия.

**4.** 1916 жылы Санк-Пико келісімі бойынша араб жерлерін өзара бөлісуді кімдер көздеді?

а) Италия және Англия;
ә) АҚШ және Ресей;
б) Ресей және Германия;
в) Англия және Франция.

**5.** 1920 жылы Франция өз протектораттығын қайта орнатты?

а) Алжир мен Туниске;
ә) Сирия мен Ливанға;
б) Палестина мен Иракқа;
в) Египет пен Сирияға.

**6.** 1922 жылы Сирияда қанша көтеріліс болды?

а) 13;
ә) 35;
б) 34;
в) 25.

**7.** Сирия Республикасы қашан пайда болды?

а) 1925 жылы;
ә) 1929 жылы;
б) 1930 жылы;
в) 1931 жылы.

**8.** Қай жылы Ирак пен Англия мандаттық тәртіпті құрту туралы келісті?

а) 1927 жылы;
ә) 1930 жылы;
б) 1926 жылы;
в) 1931 жылы.

**9.** Қай жерлерде монархиялық тәртіп нығая түсті?

а) Сауд Арабиясы мен Иракта;
ә) Ирак пен Тунисте;
б) Йемен мен Палестинада;
в) Сауд Арабиясы мен Йеменде.

**10.** Сауд Арабиясының астанасы.

а) Катар;
ә) Медина;
б) Әр-Риад;
в) Жидда.

**4-тапсырма.** Мына сөзжұмбақты шешіңдер.






*Көлденеңінен:* 1. 1919 жылы Сирия, Ливан, Палестина бір мемлекет құру жоспарына қай мемлекет жол бермеді? 2. 1922 жылы Сириядағы болған көтеріліс кезінде құрылған партияның бірі. 3. Монархиялық тәртіп нығая түскен елдердің бірі. 4. 1920 жылы қандай келісім бойынша Англия Палестина мен Иракқа өз протектораттығын орнатты?

*Тігінен:* 1. Қай ел Батыс Азия мен Солтүстік Африканы қамтиды? 2. 1919 жылы Латакия ауданында көтеріліс қыза түскен кезде, кім өзін Сирия мәлігімін деп жариялады? 3. Арабияның жағалауындағы ағылшындарға тәуелді әмірліктердің бірі. 4. 1923 жылы Йордан Трансиорданиядағы әмірлігін құру туралы шешімін бекітіп, оның тағына кімді отырғызды? 5. 1915 жылы Англия Хусейн Шерифпен келісімге келіп, кімге соғыс ашты?

## АФРИКАДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

**5-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Африкадағы араб елдеріне қай мемлекеттер жатады?
2. XX ғасырдың басында Африкадағы араб елдерінің саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы қандай еді?
3. Осы елдерде ұлт-азаттық қозғалыстарының өрістеуіне қандай жағдайлар әсер етті?

**6-тапсырма.** Африкадағы араб елдерінде ұлт-азаттық күрестің өрістеуі туралы мәліметтерді талдаңдар.

Бірінші дүниежүзілік соғыс африкалықтарға керемет әсер еткен жоқ деп айтуымызға болады. Жалғыз майдан Суэц каналы маңында ғана болды. Египетке осы үшін сыйлық ретінде тәуелсіздігін берді. Бұл тәуелсіздік тек сөз ретінде қалды. Осы тарихи оқиғаларды тезистік негізде есте сақтауға тырысыңдар.



**7-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдердің қатысты жылдарын толықтырыңдар.

1. ... “Солтүстік Африка жұлдызы” одағын құрды. Жетекшісі Ахмед Мессали қажы.
2. ... Тунисте “Дұстүр партиясы” құрылды. (Дұстүр — арабша конституция.) 1922 жылы қатарында 100 000 мүшесі болды.
3. ... Ақпанда Англия Египеттің тәуелсіздігін мойындап, протектораттан бас тартты.
4. ... Жаңа конституция бекітілді. Египет конституциялық монархияға айналды. Сұлтан Ахмед Фуад “мәлік” деген атақ алып, тақта отырды.
5 ... мамырда Мароккода Франция “Бербер дахир” үкімін жариялады.
6. ... “Марокко ұлттық комитеті” құрылды.
7. ... Алжирліктер Франциядағы халық майданы жүргізген істерге араласып табысқа жетті.

*Жеткен нәтижелері*:

1) 40 сағаттық жұмыс аптасы;
2) төлемді демалыс;
3) саяси партиялар әрекеті.

8. ... Тунисте “Жаңа Дұстүр” тобы құрылды.

**8-тапсырма.** Мына сөзжұмбақты шешіңдер.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 19 | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |
| 4 | | | |
| 5 | | | |
| 6 | | | |
| 7 | | | |
| 8 | | | |
| 9 | | | |
| 10 | | | |
| 11 | | | |
| 12 | | | |

1. Қай жылы Франция мен Испания бірігіп, Мароккодағы ұлт-азаттық қозғалысты тұншықтырды?
2. “Солтүстік Африка жұлдызы” одағы қай жылы құрылды?
3. Қай жылы Тунисте социалистік федерация құрылды?
4. “Дұстүр” партиясы қай жылы өмірге келді?
5. Қай жылы Зағлұл бір топ серіктерімен тұтқындалды?
6. Египет қай жылы конституциялық монархияға айналды?
7. Қай жылы Франция “Бербер заңын” жариялады?
8. “Марокко ұлттық комитеті” қай жылы құрылды?
9. Тунисте шаруашылық дағдарыс қай жылға дейін созылды?
10. Қай жылы әл-Уафд сайлауда жеңіске жетті?
11. әл-Уафд сайлауда қай жылы қайтадан жеңіліс тапты?
12. Қай жылы Египет Германияға қарсы соғыс жариялауға келісті?

## § 22. ТРОПИКТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК АФРИКА ЕЛДЕРІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Африканың әлеуметтік-экономикалық дамуын суреттеңдер.
2. Африка елдері, негізінен, қай мемлекеттердің отары болды?
3. Метрополияға қандай заттар тасымалданды?
4. Африка халықтары қазіргі кезде қай діни ағымды ұстанады және оның себебі неде?

**2-тапсырма.** Негізгі өндіретін өнімдерін әр елдің астына жазыңдар.




**3-тапсырма.** Төмендегі сұлбалардың бос торкөздеріне қай мемлекеттердің отар елдері екенін анықтап, толтырыңдар.



**IV.**

Сомали | Эритрея

**V.**

Батыс Сахара | Марокко

**VI.**

Оңтүстік Африка одағы | Эритрея

**4-тапсырма.** Төмендегі тізбекті сөздердің (чайнворд) шешуін табыңдар.

**ЧАЙНВОРД**

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | 2 | | | | | 3 | | | | 4 | | | | | |
| 5 | | | | 6 | | | | | | 7 | | | | | | | 8 | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | 9 | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

1. Францияның иелігінде болған Африкадағы араб елдерінің бірі.
2. Германияның үстемдігі құрылған елдің бірі.
3. Португалияның иемденген аралы.
4. 20—30-жылдары қай елде шетелдер үстемдігі нығая түсті?
5. Экономикалық-әлеуметтік жағдайы алда келе жатқан елдердің бірі.
6. 30-жылдардың басында наразылық кең тараған елдердің бірі.
7. Африка елі.
8. Намибияның бұрынғы аты.
9. Африкаға теміржол салуға, рудниктер ашуға қай ел капиталы араласты?

**5-тапсырма.** Анаграмманың шешуін табыңдар.

1. Франция қожалық жүргізген аралдардың бірі.
2. Франция иелігіндегі ел.
3. Германия үстемдігіндегі ел.
4. Экваторлық Африка елдерінің өндіретін өнімі.
5. 30-жылдардың басында наразылық кең тараған ел.
6. Претесталий дінінің үгіттеушісі.
7. Діни ағымдардың бірі.
8. 30-жылдардың ортасында Эфиопияны жаулауға кіріскен фашистік үкімет.

**АНАГРАММА — “*А*”**




9. 20—30-жылдары қауымдастық құрылған отарлардың бірі.
10. Мақта өндіретін ел.

## § 23. ӘЛЕМ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДА

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XX ғасырдың 20—30-жылдарындағы халықаралық қатынастарда қандай өзгерістер болды?
2. КСРО қай елдермен келісімшарттарға қол қойды?
3. Германия мен Италия қандай саясатты ұстанды?
4. Жапония қай елдерге интервенция жасады?

**2-тапсырма.** Төмендегі хронологиялық кестені аяқтаңдар.

| Жылы | Болған оқиғалар |
|---|---|
| **1** | **2** |
| | Соғыста жеңіске жеткен елдер өзара және жеңілген елдермен жасасқан бір топ шарттардың өмірге келу жылдары. |
| | Бұл шарттар Вашингтон конференциясында қабылданды. |
| | Германия жағы төлем төлеу тәртібін бұзды деген сылтауға сүйеніп, Франция және Бельгия әскерлері немістердің Рур облысына енді. |
| | Англия, АҚШ және басқа елдер ат салысып, халықаралық капитал ұсынған “Дауэс жоспары” қабылданды. |
| | Локарно қаласында Франция, Бельгия, Германия, Ұлыбритания, Италия Сыртқы істер министрлері кездесті. Теңіздердегі әскери күштерді шектеу туралы келіссөз сәтсіз аяқталды. |
| | Гаагада өткен халықаралық конференция жаңа “Юнг жоспарын” бекітті. |

| 1 | 2 |
|---|---|
| | Қытай мен КСРО Қытай — Шығыс теміржолы бойында керісіп қалды. |
| | Франция мен КСРО “шабуылдаспау туралы пактіге” қол қойған. |
| | Жапон әскерлері Маньчжурия мен ішкі Моңғол аймақтарын басып алды. |
| | Фашистік үкімет әскер құрастыруға бет алды. |
| | КСРО Моңғолиямен достасу және өзара көмектесу туралы шарт жасасты. |
| | Эфиопия Италияның отарына айналды. |
| | Италия мен Германия ынтымақтасу туралы шартқа отырды. |
| | Жапония Қытайды жаулап алуға кірісті. |
| | Кеңес Одағы, Англия, Франция әскери ынтымақтасу туралы мәселелерді қарастыруға кірісті. |
| | Германия Сыртқы істер министрі И.Риббентроп және КСРО үкіметінің төрағасы В.М.Молотов шабуыл жасамау туралы келісім-шартқа қол қойды. |

# III тарау. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС (1939—1945 жж.)

## § 24. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жапония 20—30-жылдары қай елді мекендерді жаулап алды?
2. Франция мен Польша арасында қандай келісім болды?
3. Германия қандай саясатты жүзеге асырды?
4. КСРО Польшаға қарсы қандай іс-әрекеттер жүргізді?

**2-тапсырма.** Төмендегі кестелер қай мемлекетке байланысты оқиғаларды қамтиды?

*1-кесте*

| № | Жылы | Болған оқиғалар |
|---|---|---|
| 1 | 1931 жыл | Маньчжурияны басып алды |
| 2 | 1937 жыл | Пекин, Шанхай, Нанкинді басып алды |
| 3 | 1939 жыл | Халкин-Гол маңынан Моңғол аумағына шабуыл жасады |
| 4 | 1940 жыл | “Үштік пактіге” қол қойылды 27 қыркүйек |

*2-кесте*

| № | Жылы | Болған оқиғалар |
|---|---|---|
| 1 | 1940 жыл, 10 маусым | Басшылары Бордоға көшті |
| 2 | 1940 жыл, 16 маусым | Пэтен премьер-министр болып тағайындалды |
| 3 | 1940 жыл, 22 маусым | Компьен орманында Германиямен татуласу келісіміне қол қойды |

*3-кесте*

| № | Жылы | Болған оқиғалар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | 1939 жыл, 1 қыркүйек | Польшаға баса көктеп кірді |
| 2 | 1940 жыл, 9 көкек | Данияны басып алды |
| 3 | 1940 жыл, 10 мамыр | Францияға шабуыл жасады |

*Жалғасы*

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| 4 | 1940 жыл, 14 мамыр | Голландия тізе бүкті |
| 5 | 1940 жыл, 28 мамыр | Бельгия қиратылды |
| 6 | 1941 жыл | Балқан мемлекеттеріне килікті |

*4-кесте*

| № | Жылы | Болған оқиғалар |
|---|---|---|
| 1 | 1939 жыл, 17 қыркүйек | Әскері Польшаға енді |
| 2 | 1939 жыл, 30 қараша | Финляндияға соғыс ашты |
| 3 | 1940 жыл, 12 наурыз | Кеңес-фин келісіміне қол қойылды |
| 4 | 1940 жыл | Балтық жағалауы елдерін басып алды |

**3-тапсырма.** Сканворд шешімін тауып, оқу құралының соңындағы жауабымен салыстырыңдар.

**“ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ”**




| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|

**4-тапсырма.** Жаулап алу. Әр мемлекет өз жоспары бойынша, жалпы қандай мақсатты көздеген болатын?




**5-тапсырма.** Әр сұраққа қатысты жылдарды орындарына қойыңдар.

1) ... Финляндия соғысы бітімшартпен аяқталды.
2) ... Германия Польшаға басып кірді.
3) ... Жапония Маньчжурияны (Солтүстік-Шығыс Қытай) басып алды.
4) ... Кеңес әскері Финляндияға қарсы соғыс жариялады.
5) ... Германия Дания мен Норвегияны басып алды.
6) ... Жапонияның Орталық Қытайға қарсы әрекеттері басталды.
7) ... Германия мен КСРО арасында құпия келісімге қол қойылды.




8) ... КСРО Балтық түбегіндегі елдерді басып алды.
9) ... Германия мен Италия 12 Еуропа мемлекетін басып алды.
10) ... Гитлер “Барбаросса жоспарына” қол қойды.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Гитлершілдер КСРО-ға қарсы соғысты “қауырт соғыс” жоспары бойынша қанша уақыт ішінде аяқтауға тиіс еді?

   а) 1 ай; ә) 6—10 апта; б) 10—12 ай.

2. Қай жылы Жапония Үндіқытай түбегіндегі Вьетнам, Лаос, Камбоджа елдерін бағындырды?

   а) 1941 ж.; ә) 1942 ж.; б) 1940 ж.

3. Тынық мұхиттағы соғыс әрекеттері неше кезеңге бөлінді?

   а) 3; ә) 2; б) 1.

4. Одақтастар 1943 жылы 10 шілдеде қай елді басып алды?

   а) Германия; ә) Италия; б) Жапония.

5. Кеңес әскері 1945 жылы 13 сәуірде қай жерді алды?

   а) Вена; ә) Берлин; б) Польша.

6. Тынық мұхиттағы АҚШ-тың әскери-теңіз флотының базасы қайда орналасқан?

   а) Пёрл-Харбор; ә) Гавай аралдары; б) ОАХУ аралында.

7. Жапония флотының бас қолбасшысы, адмирал?

   а) Нагумо; ә) Инамото; б) Ямамото.

8. АҚШ Жапонияның 2 сағаттық соққысы салдарынан қанша крейсерінен айырылды?

   а) 3; ә) 6; б) 12.

9. 1945 жылы 11 ақпанда Ялта конференциясында КСРО қай мемлекетке соғыс жариялады?

   а) АҚШ; ә) Германия; б) Жапония.

10. Жапонияның басқыншылық озбырлығы кезінде Қытай елінің материалдық шығыны қанша еді?

    а) 56 млрд; ә) 100 млрд; б) 10 млрд.

11. Соғыстан кейінгі халықаралық мәселелерді талқылау үшін антигитлерлік одақтас елдердің басшылары (1943 жылы, желтоқсан) конференцияда қайда кездеседі?

    а) Тегеран; ә) АҚШ; б) Каир.

## § 25. ГЕРМАНИЯНЫҢ КСРО-ға ШАБУЫЛЫ ЖӘНЕ ТЫНЫҚ МҰХИТ СОҒЫСЫ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Германия КСРО шекарасын қай жақтан және қашан бұзды?
2. КСРО неліктен соғысқа дайын емес еді?
3. Қазақстандықтардың қандай ерліктерін білесіңдер?
4. Қандай жоспар бойынша Германия КСРО-ны аз уақыттың ішінде жаулап алуы керек еді?

**2-тапсырма.** Төмендегі анаграмманы шешіңдер.

1. Берлинге дейін жеткен Кеңес Одағының Батыры.
2. Қазақ халқының Кеңес Одағының Батыры деген атаққа ие болған батырларының бірі.
3. 1941—1942 жылдың күзінде РКФСР-дан Қазақстанға нелер көшірілді?
4. Қазақ халқының ержүрек батыр қызы.
5. Бородино селосында ерлік көрсеткен Кеңес Одағының Батыры.
6. Брест қорғанында ерлік көрсеткен батыр.
7. Батырлар саны бойынша қазақ халқы КСРО-да нешінші орында?
8. КСРО аумағында болған (1941—1945) үш ірі шайқастың бірі.
9. 1941 жылы Дубосеково түбіндегі шайқаста өзінің жауынгерлерімен ғажап ерлік көрсеткен генерал.
   Шыққан сөзді атаңдар.








**Әлия Молдағұлова**



**Мәншүк Мәметова**

## § 26. АНТИФАШИСТІК КОАЛИЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. ГЕРМАНИЯ МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ТІЗЕ БҮГУІ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Фашизмге қарсы басып алынған елдерде қозғалыстың қандай түрі кеңінен тарады?
2. Соғыс кезіндегі конференцияларды атаңдар және олар қай уақытта, қай жерлерде өтті?
3. Германия тізе бүгуге қашан, қандай жағдайда қол қойды?
4. Жапония қашан және қай жерде толық тізе бүгу жасағандығы туралы құжатқа қол қойды?

**2-тапсырма.** Мына криптограмманы шешіңдер.

1. Басып алынған елдерде қалай деп аталатын фашистік режім орнатылды? 10, 5, 20, 5 12, 1, 8, 12, 7, 18.
2. 1941 жылы наурызда АҚШ конгресі қандай заңды қабылдады? 2, 15, 17, 3 — 2, 13, 6.
3. Англияға зор көмекті оның даминиондары көрсетті... (ол қандай мемлекет еді)? 9, 5, 17, 5, 3, 5.
4. Шарль де Голльдің басшылығымен қандай патриоттық қозғалыс құрылды? 5, 6, 5, 12, 12, 4, 19 11, 8, 5, 17, 14, 13, 16.
5. 1940 жылдың жазында Гитлер Англияны келісімшартқа шақырды,

бірақ “Біз ешқашан да берілмейміз!” деп кім айтты? 20, 15, 8, 20, 13, 2, 2, 25.

6. Италия мен Франция арасындағы татуласуы туралы келісімшартқа қай жерде қол қойды (1940 жыл 25 маусым)? 8, 13, 28.
7. Француздардың күшті бекінісі? 28, 5, 10, 13, 17, 21.
8. Петэн өкіметінің резиденциясы қай “қалада” болды? 24, 13, 26, 13.
9. Фин соғысы аяқталғаннан кейін, оның көлемді бөлшегі кімнің қол астына өтеді? 9, 22, 8, 21.
10. 1940 жылы 10 маусымда Франция басшылары Парижден қай қалаға көшті? 23, 21, 8, 3, 21.

15 2 23 7 8 2 7 27 7 — 15 2 12 15 20 3 7 27 7. (мақал.)

## § 27. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ АЯҚТАЛУЫ. ҚЫРЫМ-ПОТСДАМ ЖҮЙЕСІ. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫН ҚҰРУ

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. БҰҰ құру туралы мәселелерді қай қалада өткен халықаралық конференцияда талқылады?
2. Қырым-Потсдам туралы не білесіңдер?
3. БҰҰ мақсаты қандай еді?
4. БҰҰ органдары туралы не білесіңдер және оның орталығы қай мемлекетте орналасқан?
5. БҰҰ-ның бүгінгі жұмысына қалай қарайсыңдар?

**2-тапсырма.** Төмендегі сұлбалар бойынша өз білімдеріңді тексеріп көріңдер.






1. БҰҰ құрған конференцияда төрағалары ретінде кімдер болады?
2. Сан-Францискодағы халықаралық конференцияға қанша мемлекеттер жиналды, оларды картадан көрсетіңдер?
3. БҰҰ құру туралы сөйлеңдер.

Конференция басшылары:

1. Ялта конференциясы ...... жыл ........... ай.
2. Конференцияда қандай мәселелер қарастырылған?
3. КСРО аумағындағы Қазақстанды Гитлер неге "Азияның кілті" деп санады?
   а) Өз түсінігіңді картаға түсіріңдер;
   ә) ҚР өзінің егемендігін қашан жариялады?
   б) ҚР рәміздері туралы не білесіңдер?

## § 28. XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

*Естеріңде сақтаңдар!*

XX ғасырдың басында өндіргіш күштердің қарыштап өсуі халықтың жаңа топтарын білімге, мәдениетке тартуға жәрдемдесті. Өндіргіш күштердің дамуы халық ағарту реформасының қажеттілігін туғызды.

Буржуазия еңбекшілер бұқарасының белгілі мөлшерде білім алуына мүдделі болды, өйткені техникалық прогресс жағдайында олар — сыза білетін, нұсқауларды оқи алатын, белгілі бір есептер жасай алатын жұмысшыларға мұқтаж болды. Батыс Еуропа елдерінде 12—13 жасқа дейінгі балаларды жаппай міндетті түрде және тегін оқыту енгізілді. Ал отар және жартылай отар халықтарының білімі мен мәдениеті ескерілмеді, оларды отаршылдар басып, жаншып, тіпті құртып жіберді.

**1-тапсырма.** Мына сұрақтарға жауап беріңдер.

1. XX ғасырдың басында қоғамдық санада қандай бетбұрыстар болды?
2. Сурет өнері саласындағы абстракционизмнің негізін қалаған кім?
3. Әдебиеттегі "модернизм" дегеніміз не?
4. Кеңес киноларының негізгі идеялары қандай еді?
5. XX ғасырда білім және ғылым саласында әлемде қандай ірі жаңалықтар ашылды?

**2-тапсырма.** Өздеріңді-өздерің тексеріңдер.

### ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Иррационализм дегеніміз?
   а) сенбеушілік; ә) отарлау саясаты;
   б) ғылыми-техникалық прогресс; ә) төңкеріс.

2. “Тарихты көрнекті тұлғалардың ерік-жігері мен энергиясының арқасында кері бұруға болады” түсінігінің авторы?

а) З. Фрейд; ә) Конфуций; б) А. Бергсон; в) К. Бенц.

3. Телефон аппаратына тұңғыш патент алған өнертапқыш:

а) А. С. Попов; ә) Г. Дайплер; б) К. Бенц; в) А. Белл.

4. Альфа, бета, гамма сәулелерін ашқан ғалым:

а) Пьер Кюри; ә) А. Эйнштейн; б) Э. Резерфорд; в) Н. Бор.

5. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық академия құрылды:

а) 1930 ж.; ә) 1929 ж.; б) 1928 ж.; в) 1931 ж.;

6. 1934 ж. белгіленген ең жоғарғы атақ?

а) Социалистік Еңбек ері; ә) Халық қаһарманы;
б) Кеңес Одағының Батыры; в) Ленин орденінің иегері;

7. Бейнелеу мәдениетінде кубизм ағымының негізін салғандардың бірі.

а) П. Пикассо; ә) С. Молонов;
б) В. Кандинский; в) Р. Роллан.

8. В. Кандинский сурет өнеріндегі қандай ағымның жетекшісі болды?

а) кубизм; ә) абстракционизм;
б) сюрреализм; в) ескі реализм.

9. “Жоғалтқан уақытты іздеу” романының авторы.

а) Ф. Кафка; ә) М. Пруст; б) Ә. Хэмингуэй; в) Т. Драйзер.

10. Патриотизм мен адамгершілік идеяларының жаршысы болған түрік ақыны.

а) М. Теймур; ә) Т. Фикрет; б) Т. Хусейн; в) Т. Такдир.

11. “Құрыш қалай шынықты” романының авторы.

а) А. Толстой; ә) Н. Островский;
б) М. Шолохов; в) Г. Мелехов.

12. КСРО халық әртісі атағын тұңғыш алған қазақ қызы.

а) Б. Төлегенова; ә) Р. Рымбаева;
в) К. Байсейітова; г) Р. Бағланова.

**3-тапсырма.** ХХ ғасырдың басында қазақ елінің мәдениеті мен білімін көтеруге ат салысқан қазақ азаматтарымен танысыңдар:

1. Ахмет Байтұрсынов
2. Сұлтанмахмұт Торайғыров
3. Сәбит Дөнентаев
4. Міржақып Дулатұлы
5. Спандияр Көбеев
6. Мағжан Жұмабаев
7. Шәкәрім Құдайбердиев
8. Жамбыл Жабаев
9. Нұрпейіс Байғанин
10. Сәкен Сейфуллин
11. Ілияс Жансүгіров
12. Дина Нұрпейісова
13. Әміре Қашаубаев
14. Үкілі Ыбырай және т.б.

## ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТОЛҚЫНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БӘСЕҢДЕУІ

<table>
<tr><td colspan="3">Халықтық күрестің негізгі талабы:<br>1. Теңдік<br>2. Әділеттік<br>3. Демократия</td></tr>
<tr><td>Революциялық</td><td>даму</td><td>Реформалық</td></tr>
<tr><td>1. Ресей<br>2. Австрия<br>3. Венгрия<br>4. Германия</td><td></td><td>1. Ұлыбритания<br>2. Франция<br>3. Нидерланды<br>4. Норвегия<br>5. Швеция</td></tr>
<tr><td>Ресей<br>1. 1917 жылғы ақпан революциясы. Қос өкімет орнады.<br>2. 1917 жылғы қазан революциясы. Пролетариат диктатурасы орнады</td><td></td><td>Ұлыбритания<br>Ллойд Джорж үкіметі<br>1. 31-ден асқан әйелдер мен түгел ер адамдарға сайлау құқығы.<br>2. Арзан муниципалды құрылысты дамыту.<br>3. Ирландияға (Ольстерден доминиондық) өзін-өзі басқару құқығын берді</td></tr>
<tr><td>Австрия<br>Революция бәсең түрде болды. Қан төгусіз монархия құлатылып, демократиялық республика орнады. Ортақ сайлау құқығы енгізілді</td><td></td><td>Франция<br>Клемансо үкіметі<br>1. 8 сағаттық жұмыс уақытын белгіледі.<br>2. Кәсіподақтарға біраз құқықтар берілді.<br>3. Соғыс ардагерлеріне, мүгедектерге, соғыста құрбан болғандардың жанұясына көмек берілді.</td></tr>
<tr><td>Венгрия<br>1. Жергілікті коммунистер кеңес өкіметін орнатты.<br>2. Азамат соғысы.<br>3.Хортидің авторитарлық режімі орнады</td><td></td><td>Нидерланды<br>Норвегия, Швеция — әйелдер мен ер адамдарға ортақ сайлау құқығы, т.б.</td></tr>
<tr><td>Германия<br>1. Республика болып жарияланды.<br>2. 1919 жылы 19 қаңтарда Веймар Республикасы құрылды</td><td></td><td></td></tr>
</table>

**4-тапсырма.** XX ғасыр басында дүниежүзілік білімнің, ғылымның, мәдениеттің дамуына ат салысқан ірі тұлғалар:

**Зигмунд Фрейд (1865—1939 жж.)** — психолог-дәрігер (психоталдаудың негізін қалаушы). Еврей халқына жасалған қуғындаудың құрбаны. Ол 1938 жылы Вена қаласынан Лондонға қашуға мәжбүр болған.

**Пабло Пикассо (1881—1973 жж.)** 91 жасында қайтыс болды. Испан суретшісі. "Қоршап тұрған өмірді өз ойымның тілегіне сәйкес аламын" деген пікірмен бейнелеу мәдениетінде шығармашылық өзгеріс енгізді.

**Мария Кюри (1867—1934 жж.)** — поляк қызы, химик. Нобель сыйлығының екі дүркін лауреаты.

**Павлов Иван Петрович (1843—1936 жж.)** — физиолог. Медицина саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты.

**Рабиндранат Тагор** — үнді халқының ақыны және философы (1861—1941 жж.). Нобель сыйлығының лауреаты.

**Антуан де Сент-Экзюпери** "Кішкентай ханзада" кітабымен бүкіл әлемге әйгілі француз ұшқышы және жазушысы (1900—1944 жж.).

**5-тапсырма.** Кестенің екі жағын сәйкестендіріңдер.

| | |
|---|---|
| 1. Күрестің бәсеңсу себептері | 1) Социал-демократтар соғыс кезінде бір-бірінен бөлініп қалды.<br>2. Қоғамдағы шиеленісті солшыл социалистер революциялық, оңшыл социалистер—демократиялық қайта құрулар нәтижесінде шешпекші болды. Нәтижесінде солшылдар мен оңшылдар баррикаданың екі жағына шығып, бір-бірінен алыстай түсті |
| 2. Жұмысшы және социалистік қозғалыстардың жіктелуі | Соғысқа дейінгі өндіріс өнімі қалпына келіп, біртіндеп экономика көтеріле түсті. Германия мен Францияда және т.б. елдерде экономиканың өсуі әлеуметтік жағдайды жақсартты. АҚШ-та осы жылдары экономикалық ішкі саяси жағдай қалыпқа келе бастады |
| 3. Экономиканың нығаюы | 1. Халықтың кейбіреуінің жеткен жетістіктерге риза болуы.<br>2. Күрестен шаршауы.<br>3. Революциядан күткен үлкен үміттерінің ақталмауы. |
| 4. Компартия ықпалының төмендеуі, социал-демократияның нығаюы | 20-жылдардағы жалпы жағдайдың жақсаруы және саяси қайшылықтардың бәсеңдеуі, революцияға шақырған коммунистік көңіл күйге сай келмеуі. Социал-демократтар саны өсіп, күшейе түсті. Коммунистер мен социал-демократтар арасындағы жағдай шиеленісіп, қиындай түсті. |

***ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ***

## 1918—1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЕТЕЛДЕР

### 1-*нұсқа*

1. 1918—1919 жылдары Еуропа картасындағы құнды өзгерістерді суреттеңдер. Қандай оқиғалар осы өзгерістерге алып келді?

2. Жетіспей тұрған мәліметтерді толықтырыңдар:

а) Кеңес республикалары ... жылы Баварияда, ..., Словакияда орнады;

ә) Версаль келісімінің мәтініне ... жарғысы енгізілді (халықаралық ұйымның аты).

3. Мына тұлғалар кімдер, түсіндіріңдер:

а) Ф. Шейдман —
ә) Дж. Неру —
б) М. Хорти —
в) Б. Кун —
г) В. Вильсон —
д) М. Кемал—Ататүрік —

### 2-*нұсқа*

1. 1917 жылғы Ресейдегі революция мен 1918—1919 жылдардағы Германиядағы революцияларды салыстырыңдар. Оларда ортақ не бар?

2. Төмендегі тарихи мәліметтер қай елдегі қандай оқиғаға байланысты?

а) 1918 жыл, 3 қараша;
ә) 1919 жыл, 28 маусым;
б) 1922 жыл, 30 қазан.

3. Төмендегі оқиғалар қай елдердің тарихымен байланысты?

а) “Спартак” тобының құрылуы;
ә) “Римге саяхат” (поход);
б) азаматтық бағынбау компаниясы;
в) тәуелсіз поляк мемлекетінің құрылуы;
г) Моңғолиядағы революция.

4. Тәуелсіз поляк мемлекетінің негізін қалауға қатысты тұлғаның астын сызыңдар.

1) Ю. Пилсудский;
2) Б. Муссолини;
3) Ф. Эберт;
4) М. К. Ганди;
5) А. Грамши;
6) И. Пу;
7) Сухэ-Батор;
8) К. Либкнехт.

### 3-*нұсқа*

1. 1918—1919 жылдағы Герман революциясындағы социал-демократтар арасындағы негізгі ағымдар мен олардың көшбастаушыларын атаңдар. Олардың революциядағы ұстанған бағыттары немен ерекшеленді?

2. Төмендегі терминдер нені білдіреді және қай елдердің тарихымен байланысты:

а) Веймар Республикасы;
ә) дуче;
б) азаматтық бағынбау компаниясы;
в) репарациялар.

3. Версаль жүйесінің негізін қалаған саясаткерлердің астын сызыңдар?

а) П. Гинденбург;
ә) Ж. Клемансо;
б) В. Вильсон;
в) Г. Чичерин;
г) Р. Макдональд;
д) Д. Ллойд Дордж;
е) У. Черчилль.

## ЖАУАПТАРДЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

### 1-*нұсқа*

1. Ресей және Австро-Венгрия империяларының бөлінуі. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы (Финляндия, Польша, Эстония, Латвия, Литва, Чехословакия, Югославия, т.б.). Кейбір аумақтардың қайтарылып берілді (Эльзас пен Лотарингия — Францияға, Жоғарғы Силезия мен Поморьдың бір бөлігі — Польшаға) немесе халықаралық бақылауда (Саар облысы мен Гданьск) ұсталынды. Айтылған өзгерістерге Бірінші дүниежүзілік соғыстың, Ресей, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы 1917—1919 жылдардағы революциялар мен ұлт-азаттық қозғалыстардың нәтижесінде ұшырады.
2. а) 1919 жылы Венгрияда;
   ә) Ұлттар Лигасы.
3. а) Социал-демократтар оң қанатының өкілі;
   ә) Үндістан Ұлттық Конгресі партиясы басшыларының бірі;
   б) Венгриядағы авторитарлық режімнің басшысы, адмирал;
   в) Венгр коммунисі, Венгер Кеңес Республикасы басшыларының бірі;
   г) АҚШ президенті;
   д) Түрік қозғалысының көшбасшысы, Түрік Республикасының президенті.

### 2-*нұсқа*

1. Жалпы себептері:
   а) елдің дамуына қажеттіліктер және оған көлденең тұрған әлеуметтік-экономикалық саяси қарым-қатынастар (жартылай абсолюттік монархия, саяси құқықтар мен еркіндіктің шектелуі, полициялық режім, помещиктік жер иелену, т.б.);
   ә) Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында халықтың жағдайының төмендеуі, үкіметке қарсы көңіл күйдің күшеюі;
   б) әлеуметтік-саяси қозғалыс, саяси партиялар мен ұйымдардың жұмысының жандануы;
   в) билеуші режімнің дағдарысқа ұшырауы;
   г) Ресейде революциялық жағдайдың тууына империя құрамына енетін халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы да әсер етті.
2. а) Германияда революцияның басталуы;
   ә) Версаль келісіміне қол қойылуы;
   б) Римге жорық, Италияда билікке фашистердің келуі.
3. а) — 8; ә) — 2; б) — 4; в) — 1; г) — 7.
4. Ю. Пилсудский.

## 3-*нұсқа*

1. а) Оңшыл социал-демократтар (Ф. Эберг, Ф. Шейдеман және т.б.) және центристер (К. Каутский және т.б.) Веймар республикасы орнап конституция қабылданғаннан кейін революцияның аяқталуын жақтады; билікке келгеннен кейін революциялық көңіл күйдегі жұмысшылардың қарсылығын басты; реформалық жолды таңдады.
ә) солшыл социал-демократтар (К.Либкнехт, Р.Люксембург және т.б.) революцияны социалистік революцияға ұштастыру арқылы радикалды әлеуметтік-экономикалық жаңа құруларға өтуге шақырып, Германияның коммунистік партиясының негізін қалады.
2. а) Германиядағы 1919 жылғы конституцияға сәйкес құрылған республика (Веймар);
ә) италиялық фашистердің басшысы Б.Муссолини;
б) Британ отаршылдарына қарсы Үндістан халқының күресінің түрі;
в) басқыншылықтан материалдық шығынды талап ету, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін төлем Германиядан және басқа да жеңілген мемлекеттерден олармен соғысқан елдердің пайдасына өндірілді.
3. ә); б); д).

### 1924—1939 ЖЫЛДАРДАҒЫ ШЕТЕЛДЕР

## 1-*нұсқа*

1. Түсіндіріңдер, XX ғасырдың 20—30-жылдарында Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде авторитарлық, тоталитарлық режімдердің орнауына не себеп болды? Германиядағы фашистік режім мен шығысеуропалық авторитарлық режімнің арасында қандай айырмашылықтар бар?

2. Төмендегі түсініктер нені білдіреді және қай елдердің тарихымен байланысты?

а) Изоляционизм;
ә) “жай табу” саясаты;
б) “аншлюс”;
в) “бесінші колонна”;
г) “жаңа бағыт”.

3. Оқиғаларға байланысты саяси қайраткерлерді атаңдар:

а) Үндістандағы күш көрсетпеу қарсылығы;
ә) Қытайдың “кеңес” аудандары деп аталатын аудандарында 1931 жылы республиканың құрылуы;
б) Түрік Республикасының құрылуы;
в) Үндістан Ұлттық Конгресі партиясының солшыл қанатының құрылуы.

4. Хронологиялық қалыпқа келтіріңдер:

а) Гитлердің рейхсканцлер болып сайлануы;
ә) П.Гинденбургтің Германияның президенті болып сайлануы;
б) Лейпциг процесі;
в) Рейхстагтың өртенуі.

### 2-*нұсқа*

1. 30-жылдары соғыс қаупінің негізгі көздері қандай болды? Жеке елдердің, көшбасшыларының соғысқа көзқарастарын ашып көрсетіңдер.

2. Жетіспей тұрған мәліметтерді толықтырыңдар:

а) 1938 жылы 29—30 қыркүйекте —
ә) ... (жылы) — Жапонияның Қытайға бас салуы;
б) 1933 жылы 30 қаңтарда —
в) ... — шабуыл жасаспау туралы кеңес-герман келісіміне қол қойылды;
г) 1936—1939 жылдарда —

3. Төмендегі терминдер нені білдіреді және қай елдердің тарихымен байланысты?

а) тоталитаризм;
ә) Халық майданы;
б) "гүлдену";
в) "Нью-Йорк биржасының күйреуі".

4. Астын сызыңдар:

а) Англиядағы бірінші лейбористік үкіметтің басшысы (Н.Чемберлен, Г.Поллит, Р.Макдональд, У.Черчилль);
ә) Франциядағы бірінші Халық майданы үкіметінің басшысы (Э.Даладье, Л.Блюм, М.Торез);
б) Польшадағы "санация" режімінің басшысы (И.Дашиньский, Г.Нарутович, Ю.Пилсудский).

### 3-*нұсқа*

1. Ф.Д.Рузвельттің "Жаңа бағытының" мәні мен маңызы неде?

2. Төмендегі есімдер мен жылдардың өзара байланыстарын анықтаңдар:

а) 1922 жыл, қазан; 1933 жыл, қаңтар; 1939 жыл, наурыз;
ә) М.Харти, Ю.Пилсудский, Ф.Франко;
б) 1939 жыл, 23 тамыз; 1939 жыл, 17 қыркүйек; 1939 жыл, 28 қыркүйек;
в) Ч.Линдберг, В.Чкалов, Г.Байдуков, А.Беляков;
г) Э.Хемингуэй, Э.М.Ремарк, Р.Олдингтон.

3. Төмендегі терминдер, атаулар қай елдің тарихымен байланысты?

а) Ұлы депрессия;
ә) интербригадалар;

б) Біріккен антижапондық майдан;
в) Судет мәселесі.

4. АҚШ-тағы республикалық партияның өкілі, ел президентінің есімін атаңдар.

а) Г.Форд;
ә) Г.Гувер;
б) Ч.С.Чаплин;
в) Б. Ванцетти
г) Дж. Гершвин.

### 4-*нұсқа*

1. 1918 жылдан 1920 жылдың басы және 1924—1939 жылдардағы Еуропа елдері тарихының негізгі мазмұны мен айырмашылықтарын ашыңдар.

2. Төмендегі сөздер қандай тарихи есімдерге байланысты айтылған:

а) Дуче, фюрер;
ә) "Ататүрік", "махатма".

Бұл сөздердің мағынасы қандай? Екі топтың айырмашылығы неде?

3. Жылдардың соңына оқиғаларды жазыңдар.

а) 1929—1933 жж. —
ә) 1925—1927 жж. —
б) 1939 жыл, 1 қыркүйек —
в) 1926 жыл, мамыр Польшада —

## ЖАУАПТАРДЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

### 1-*нұсқа*

1. Бұл елдердегі авторитарлық және тоталитарлық режимнің орнауына себеп болғандар:
   а) бұл елдердің тарихындағы "күшті" абсолюттік өкімет дәстүрі мен демократиялық, азаматтық қоғамның дамымауы немесе мүлде жоқ болуы;
   ә) буржуазияның икемділігінің төмендігі, саяси пісіп жетілмеуі, әлеуметтік реформаларға дайын болмауы, тіректі диктатураға жасауы;
   б) 1918—1919 жылдардағы революциялар, 1929—1933 жылдардағы дағдарыс, т.б. жағдайлар саяси орнықсыздықты туғызып, күшті өкіметті талап етті.
   Германиядағы режим мен Шығыс Еуропа елдеріндегі режимнің айырмашылықтары:
   Германияда фашистік қозғалыс бейбіт түрде өкімет билігіне келді, бұрынғы саяси система толық күйреп, тоталитарлық қоғам орнықты.
   Шығыс Еуропа елдерінде — әлеуметтік саяси базаның болмауы,

өкіметті билік басындағы төңкеріс нәтижесінде тартып алу, режімнің дәстүрлі басқару институттарымен (монархия) істес болуы, бұрынғы саяси система элементтерінің сақталуы, т.б.

2. а) Америка континентінен тыс халықаралық қатынастарға араласпау туралы АҚШ-тың сыртқы саяси бағыты;
   ә) Ұлыбритания мен Францияның 30-жылдардағы фашистік мемлекеттердің басқыншылығына қатысты саясаты;
   б) Австрияның Германияға қосылуы;
   в) Испаниядағы азамат соғысы кезінде Мадридтегі республикалық режімнің қарсыластарын атау үшін қолданылған термин;
   г) АҚШ президенті Ф.Рузвельттің жүргізген реформалар бағыты.
3. а) М.К.Ганди;
   ә) Мао Цзэдун;
   б) М.Кемал—Ататүрік;
   в) Дж.Неру;
   4. ә); а); б); в).

## 2-*нұсқа*

1. Соғыс қаупі көздері.
2. а) Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы нәтижесінде туған қайшылықтар (жеңгендер мен жеңілгендер, “ұлы” мен “кіші” мемлекеттер, аумақтық, отарлық келіспеушіліктер);
   ә) 30-жылдардағы фашистік мемлекеттердің Азиядағы, Африкадағы басқыншылық реваншттық саясаты;
   б) Батыс державалар мен кеңес мемлекеттерінің арасындағы саяси қарсы тұрушылық, Батыстың КСРО-ны әлсіретуге тырысуы, КСРО-ның керісінше өзінің әскери-саяси жағдайын бекітуге тырысуы.
3. а) Мюнхен конференциясы, Чехословакияның тағдыры туралы төртжақты келісімге қол қойылуы;
   ә) 1931 жыл;
   б) А. Гитлердің Германияның рейхсканцлері болып сайлануы;
   в) 23 тамыз 1939 жыл;
   г) Испаниядағы азамат соғысы.
4. а) 20—30-жылдардағы кейбір Еуропа елдерінде орнаған антидемократиялық мемлекеттік жүйе — Италияда, Германияда;
   ә) антифашистік күштердің 30-жылдарда Еуропада, Латын Америкасында бірігуі;
   б) 20-жылдардың екінші жартысындағы АҚШ-тағы экономиканың бірқалыпқа келуі;
   в) 1929 жыл — дүниежүзілік саяси дағдарыстың басталуы.
5. а) Р.Макдональд;
   ә) Л.Блюм;
   б) Ю.Пилсудский.

### 3-*нұсқа*

1. Ф.Рузвельттің "Жаңа бағыты" реформалардың көмегімен 1929—1933 жылдардағы дағдарыстың қиыншылықтарын жойып, революциялық жарылысты болғызбауы. Сырқат қоғамды құтқару үшін Рузвельт ірі экономикалық, әлеуметтік және саяси эксперимент жүргізді. Монополистердің қатысуымен индустрияның барлық салаларында "адал бәсеке кодекстері" жасалды. Олар өндіріс көлемін, өнім бағасын, жалақы мөлшерін белгілеп, тауар өткізетін рынокты реттеді.
   Жаңа бағыттың маңызы — мемлекет тарапынан кең көлемді түрде экономиканы реттеу, дағдарыстан әлеуметтік ымыра негізінде шығу, АҚШ-та демократиялық жүйені сақтап қалу.
2. а) Италияда, Германияда, Испанияда фашистік күштердің билікке келу жылдары;
   ә) 20—30-жылдары Еуропада диктаторлық режімді басқарған әскерилер;
   б) кеңес-герман дипломатиялық және әскери-соғыс қатынастарының негізгі даталары;
   в) 1930 жылдары алысқа ұшудан рекорд жасаған ұшқыштар;
   г) өздерінің еңбектерін Бірінші дүниежүзілік соғыс оқиғаларына арнаған "жоғалған кезең" жазушылары.
3. а) 1929—1933 жылдардағы АҚШ-тағы дағдарыс;
   ә) Испаниядағы азамат соғысы кезіндегі республикалық үкімет жағында соғысқан көпұлтты (интернационалдық) бөлімдер;
   б) 30-жылдарда Қытайда партиялар мен қозғалыстардың бірігуі;
   в) Чехословакияның судеттік немістері туралы мәселе, мұны Гитлер осы елдің аумағының бір бөлігін жаулап алу үшін пайдаланды.
4. а) АҚШ-тағы автокөлік құрылысының негізін қалаушы;
   ә) АҚШ президенті;
   б) ұлы киноактер және режиссер;
   в) жалған айыппен өлім жазасына кесілген жұмысшы;
   г) атақты композитор.

### 4-*нұсқа*

1. 1918—1920 жылдардың басында Еуропаны қамтыған революция толқыны.
   Негізгі оқиғалар мен процестер; Ресей, Австро-Венгрия, Германия империяларының күйреуі; жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы; ұлт-азаттық және әлеуметтік мазмұндары аралас революциялар. 1918—1919 жылдардағы революциялардың үдеуі, кеңес республикаларының орнауы (Бавария, Венгрия, Словакия), 1919 жылдың аяғы 1920 жылдың басы — револю-

циянның бәсеңдеуі, реакциялық күштердің өсуі, фашизмнің пайда болуы (Италия).

1924—1939 жылдар:

а) 1924—1928 жылдар — экономиканың бір қалыпқа келуі, өндірістің жаңа салаларының дамуы, "жаппай өндіріс" және "жаппай қоғам";

ә) 1929—1933 жылдар — дүниежүзілік экономикалық дағдарыс; тарихты таңдау: реформалар, әлеуметтік ымыра немесе күшті өкімет.

Бірінші таңдаудың мысалы — Ф. Рузвельттің "жаңа бағыты", екінші таңдаудың мысалы — Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европадағы авторитарлық және тоталитарлық режімдердің орнауы. Фашистік мемлекеттердің басқыншылық, реваншистік саясатының етек алуы; әскери қауіптің өсуі.

2. а) Б.Муссолини, А.Гитлер;

ә) М.Кемал, М.К.Ганди.

Бірінші топ өкілдері "көсем" титулын иемденушілер, олардың қозғалыстар мен режімдерінің өктемдік мінезін көрсетеді. Екінші топ өкілдері тарихи тұлғалардың рухани бастауларын, олардың адам жанының лидерлері болғандығын "түріктер әкесі", "ұлтжанды" деген атаулардан көруге болады.

3. а) Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс;

ә) Қытайдағы революция;

б) Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы;

в) Польшада "санациялық" режімнің орнауы.

## ТАРИХИ ТЕРМИНДЕРМЕН ЖҰМЫС ҮЛГІЛЕРІ

Анықтамасын жазыңдар және мысал келтіріңдер.

1. Кооперация;
2. Интервенция;
3. Саяси лаңкестік;
4. Демократия;
5. Диктатура.
6. Әскери коммунизм.

*Кооперация* — ұсақ шаруашылық, ұсақ өндіріс, делдалдық жұмыстар жүргізу негізінде өз еркімен құрылған бірлестік. Негізгі түрлері: тұтынушылық, несиелік, жабдықтау-сату, өндірістік. Ресейде XX ғасырдың басында пайда болып, 20-жылдары өрлеу үстінде болды. Оны 30-жылдары ұжымшарлар ығыстырып шығарды.

*Интервенция* — бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекетке қарулы шапқыншылығы, яғни оның егемендігіне нұқсан келтіру. Ол әскери, экономикалық, идеологиялық түрде болуы мүмкін.

*Саяси лаңкестік* — саяси өктемдіктің ерекше түрі. Оның негізгі белгілері — қаталдық пен белгілі бір бағытты көздеу. Лаңкестік қиын әлеуметтік сілкіністер кезінде революция мен контрреволюцияның негізгі құралы болды.

*Демократия* — халық билігін көздеген саяси қоғам. Саяси бостандығы мен азаматтық жеке құқықтары:

— билікке ие болу;
— оппозицияның еркіндігі;
— жеке адамдардың емес, заң билігіне (құқықтық мемлекет) жүгіну;
— ақпарат құралдарының бостандығы;
— жанжалдарды конституциялық жолмен шешу.

*Диктатура* — аздаған адамдар тобының немесе бір адамның тежелмеген саяси, экономикалық, идеологиялық билігі.

*Әскери коммунизм* — 1918—1921 жылдардың басына дейін Азамат соғысы жағдайында жүргізілген Кеңес мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық саясаты. Бұл саясат социализм құру жолында өзінің әлсіздігін көрсетіп, саяси және экономикалық тығырыққа әкелді. Нәтижесінде 1921 жылы жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу басталды.

## ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

**1.** Италияда шығу тегі бір халықтардың біріккен жылы?

а) 1871 ж.; ә) 1870 ж.; б) 1874 ж.

**2.** Германия империясының құрылған жылы?

а) 1871 ж.; ә) 1869 ж.; б) 1870 ж.

**3.** Еуропа шеңберінде құрылған жұмысшы партиясының құрылған жылы?

а) 1885 ж.; ә) 1889 ж.; б) 1888 ж.

**4.** Германия канцлері Бисмарктың жұмысшыларға жасаған жақсылығы?

а) Жұмысшылардың отбасына әлеуметтік көмек беруді енгізді;
ә) жұмысшыларға қосымша еңбекақы төлеп, еңбек ақысын 10 пайызға көбейтті;
б) ауырғанда, сәтсіздікке ұшырағанда, мүгедектікке душар болғанда қамсыздандыру жүйесін енгізіп, зейнетақымен қамтамасыз етуді бекітті.

**5.** Дүниежүзілік саясатты айқындаған елдер?

а) Ұлыбритания, Қытай, Үндістан, Германия;
ә) Ресей, Франция, Германия, Үндістан;
б) Австрия, Венгрия, Ұлыбритания, Германия, Ресей және Франция.

**6.** "Максим" пулеметінің — отаны?

а) Ресей; ә) АҚШ; б) Германия.

**7.** XX ғасырдың басындағы ең мықты отаршыл ел?

а) Ұлыбритания; ә) Германия; б) Үндістан.

**8.** Дүниежүзін бөлісу қай ғасырда аяқталды?

а) XIX ғасырдың басында;
ә) XX ғасырдың басында;
б) XX ғасырдың аяғында.

**9.** Өркениет түсінігі ғылымға қай ғасырда, қай түсінікке қарама-қарсы ұғым ретінде пайдаланылды?

а) XIX ғасырда "анайылық" деген түсінікке;
ә) XX ғасырда "жабайылық" деген түсінікке;
б) XYIII ғасырда "жабайылық" деген түсінікке.

**10.** Отарсыз мемлекеттер?

а) Жапония, Италия;
ә) Ресей, Португалия;
б) Швеция, Швейцария.

**11.** Жапонияда капитализмнің тез дамуына жол ашқан реформалар?

а) 1870—1880 жылдардағы реформалар;
ә) 1872—1881 жылғы;
б) 1870—1890 жылғы.

**12.** XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әлемді бөлісудегі алғашқы шиеленістер?

а) Германия мен Жапония арасында;
ә) АҚШ пен Германия арасында;
б) Ұлыбритания мен Албания арасында.

**13.** 1898 жылы сәуірде АҚШ конгресінің Испанияға қарсы жариялаған соғыстың себебі?

а) Әлемді бөлісу;
ә) Испания АҚШ-тың жерін басып алды;
б) АҚШ Испанияның кемесін өртеп жіберді.

**14.** 1904—1905 жылғы орыс-жапон соғысының себебі?

а) Орыстар жапондықтардың саясатымен келіспеді;
ә) жапондықтар Ресейді бағындырғысы келді;
б) Қиыр Шығыстағы аймақтарды қайта бөлісу.

**15.** "Үштік Одаққа" қай елдер кірді?

а) АҚШ, Германия, Италия;
ә) Австро-Венгрия, Италия, Германия;
б) Франция, Германия, Великобритания.

**16.** Франция мен Англияның жақындасу себебі?

а) АҚШ-тың Францияны басып алуы;
ә) 1904 жылғы Марокко дағдарысы;
б) Англия мен Германияның арасында бәсеке пайда болуы.

**17.** Антантаның құрылуы?

а) 1907 жыл; ә) 1905 жыл; б) 1906 жыл.

**18.** Балқан Одағы және Бірінші Балқан соғысы жылдары?

а) 1911—1913 жылдары;
ә) 1911—1912 жылдары;
б) 1912—1913 жылдары.

**19.** Екінші Балқан соғысының басталу уақыты?

а) 1913 жыл 29 маусым;
ә) 1914 жыл 29 маусым;
б) 1912 жыл 29 маусым.

**20.** Бірінші дүниежүзілік соғыс неше жылға созылды?

а) 3 жыл; ә) 5 жыл; б) 4 жыл.

**21.** Бірінші дүниежүзілік соғысқа армия қатарына қанша сарбаздар шақырылды?

а) 73,4 млн; ә) 73,8 млн; б) 73,5 млн.

# СӨЗЖҰМБАҚТАРДЫҢ ДҰРЫС ЖАУАПТАРЫ

## І тарау. ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

### § 1. ЕУРОПА ЕЛДЕРІ

**Сөзжұмбақ**

1. Эволюциялық даму.
2. Энгельс.
3. Австро-Венгрия.
4. Оппозиция.
5. Теміржол.
6. Революция.
7. Пацефизм.
8. Италия.
9. Черногория.
10. Империализм.
11. Алтын жағалау.
12. Зейнетақы.
13. Дрейфус ісі.
14. Наполеон.
15. Германия.
16. Конфуций.

### § 3. ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ШИЕЛЕНІСУІ

**2-тапсырма. Кестенің жауаптары:**

**1-кесте**

1 — 3;
2 — 1;
3 — 4;
4 — 5;
5 — 6;
6 — 7;
7 — 2;
8 — 8.

**2-кесте**

1. 1893 ж;
2. 1898 ж, сәуір;
3. 1899—1902 жж.;
4. 1900—1915 жж.;
5. 1903 ж;
6. 1904 ж;
7. 1904—1905 жж.;
8. 1907 ж;
9. 1908 ж;
10. 1910 ж;
11. 1911 ж, 29 қыркүйек;
12. 1912 ж, мамыр;
13. 1912 ж, қазан;
14. 1912 ж, 28 қараша;
15. 1913 ж, 30 мамыр;
16. 1913 ж, 29 маусым;
17. 1913 ж, 10 тамыз.

**3-тапсырма.**
**Сәйкестік жауабы:**
— 2;
— 4;
— 3.

**Лабиринт — "САНДЫҚ"**

1. Антанта.
2. Үштік Одақ.
3. Лотарингия.
4. Корея.

### § 4. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС

**4-тапсырма. Цифрограмма — "ҚОРАМСАҚ"**

1. Антанта Одағын әлемдегі отыз төрт мемлекет қолдады.
2. Үштік Одақ құрамында төрт мемлекет болды.

## § 5. БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДАРЫСТАР

**3-тапсырма.** Тест

| | |
|---|---|
| 1 — *а* | 2 — *а* |
| 3 — *а* | 4 — *ә* |
| 5 — *а* | 6 — *ә* |
| 7 — *а* | 8 — *ә* |
| 9 — *ә* | 10 — *ә* |

# II тарау. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ДҮНИЕЖҮЗІ (1918—1939 жж.)

## § 6. ВЕРСАЛЬ-ВАШИНГТОН ЖҮЙЕСІ

**4-тапсырма.** Чайнворд — "ТОРСЫҚ"

1. Париж.
2. Жорж.
3. Жаңа дүниежүзілік тәртіп.
4. Польша.
5. Антанта.
6. Антидемократиялық.
7. Қытай.
8. Иоморья.
9. Якоб.
10. Буковина.
11. Ассамблея.

**Лабиринт**

Отар — бас еркінен айырылған ел.

**Чайнворд — "ЖЕТІГЕН"**

1. Клемансо.
2. Осман.
3. Норвегия.
4. Ява.
5. "Ашық есік".
6. КСРО.
7. Отар.
8. Репарация
9. Ясы.
10. Стамбұл.
11. Лотарингия.
12. Якоб.
13. "Бес державаның шарты".
14. Ымыра.

## § 7. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ТОЛҚЫНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН БӘСЕҢДЕУІ

**5-тапсырма.** Ресей азамат соғысы және интервенциясы жылдарында (деңгейлік сабаққа арналған анаграммалар).

1-*нұсқа*

Әсер. Иваново. Орал. Ағылшын. Ақ гвардия.

**Салық** — тапқан пайданың бір бөлігін мемлекетке өткізу міндеті.

Ол мемлекеттің әлеуметтік экономикалық жағдайына байланысты өсіп, кеміп отырады.

2-*нұсқа*

Ростов. Жапония. Чехословак. Майданға. Қызыл. Врангель. Владивосток.

**Салғырт** — ішіп-жемнен артылғанды мемлекетке өткізу міндеті. Ресейде азамат соғысы жылдары енгізілді.

3-*нұсқа*

Вацетис. Буденный. Конституция. Кәсіби мемлекет. Егоров. Закавказье. Өзбек. Украина. Федерация. Меньшевик. Мобилизация.

**Интервенция** — бір мемлекеттің екінші мемлекетке қарулы шапқыншылығы.

| | |
|---|---|
| салық | |
| салғырт | әскери коммунизм |
| интервенция | |

Азамат соғысы және шетел интервенциясы кезінде азық-түлік салығы салғыртпен ауыстырылып, әскери коммунизм саясаты енгізілді. Сауда-саттыққа тыйым салынып, еңбек міндеткерлігі болды.

## § 8. ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

**5-тапсырма. Шрифтограмма + цифрограмма**

**Жауабы:** азамат соғысы жағдайында кеңес үкіметі төтенше саясаты әрекетіне көшуге мәжбүр болды. Кеңес үкіметінің тарихында бұл саясат “әскери коммунизм” саясаты деп аталды.

**Цифрограмма**

**Жауабы:** өзінің даму жағдайына сәйкес Ресейдегі азамат соғысын төрт кезеңге бөлуге болады.

## § 9. КСРО-да ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**2-тапсырма.**
ұн — 216 сом.
ет — 7 сом 60 тиын.
сүт — 1—1 сом 50 тиын.

**5-тапсырма. Криптограмма — “СЫБЫЗҒЫ”**

*Шешуі.*
“Емен ағаштың иілгені — сынғаны,
Ер жігіттің екі сөйлегені — өлгені”.

## § 13. ҰЛЫБРИТАНИЯ МЕН КАНАДА СОҒЫСАРАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕ

**2-тапсырма. Сканворд — “ҰЛЫБРИТАНИЯ”**

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ллойд Джордж кабинеті | К | О | А | Л 4 | И | Ц | И | Я 6 | Л | Ы | Қ |
| У | О | Л | Партия | И | Р | О | Т | Партия | Л | Үкімет басшысы | |
| Премьер-министр | Күн Құдайы | Бонар | | Б | Әскери блок | Н | А 1 | Т | О | оттан да ыстық | Қазақ кең |
| Р | А | М | С | Е | Й | | Л | І | Й | Е | П |
| А | Түс | Үнді киімі | А | Р | А | Тотықсу-тың бір түрі | И | | Д | Т | Қазақтың сүйікті асы |
| Үкімет басшысы | Қ | А | Р | А | | Н | Я | Либерал партиясының негізі | | Білмеген ішеді | У |
| Л 2 | Е | В | И 5 | Л | Л | Адам аты | Үштік Одақ мүшесі | В | И | 3 | А |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| А 1 | Н 2 | Г 3 | Л 4 | И 5 | Я 6 |

## § 15. ИТАЛИЯ МЕН ГЕРМАНИЯДАҒЫ ФАШИЗМ

**4-тапсырма. Чайнворд**

1. Фашио.
2. Оливетти.
3. Италия.
4. Ява.
5. Авентин.
6. Нацистер.
7. Риббентроп.
8. Перроне.
9. Ерекше трибунал.
10. Лихтенбург.
11. Гинденбург.
12. Геринг.
13. Геббельс.
14. Саар.
15. Рейхсканцлер.
16. Рим.
17. Муссолини.
18. Испания.

**5-тапсырма. Сканворд**

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| В | Католик дінінің орталығы | К | Шай ішетін ыдыс | Италия фашизмі | Ф | Ю | Р | Е 2 | Р | Монополист | П | А | Т 6 |
| А | | Е | | Б | Көсем | | Муссолини қызметі | | Монарх орны | Т | А | | Ойлан ... |
| Т | Тігінші құралы | С | Л | Е | Т | Қала | М | Ұ | Ғ | А | Л | І | М |
| И | Н | Е | 1919 ж. Милан | Н | Италия астанасы | Р 1 | И | М | | Қ | О 7 | С | Ұр сөзінің синонимі |
| К 5 | Газет | Монополист | П | И | Р 8 | Е | Л | Л | И | Түйе | Н | А | Р |
| А | В | А | Н | Т | И | Ең жақын адам | А 4 | Н | А | Л | О | Д | Жеміс ағашы |
| Н | Либерал оппозиционер | Д 3 | Ж | О | В | А | Н | Н | И | | ... етке сорпа бетке | Т | Е |

**Сканворд**

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Р 1 | Е 2 | Д 3 | А 4 | К 5 | Т 6 | О 7 | Р 8 |

**6-тапсырма. Криптограмма — "ГЕСТАПО"**

1. Эберт.
2. Роте Фане.
3. Көсем.
4. Гинденбург.
5. Гестапо.
6. Қара.
7. Лейпциг.
8. Нәсілшілдік.
9. Шовинизм.
10. Шыңғыс.

**7-тапсырма. Криптограмма — "ТӨЛЕ БИДІҢ ТОЛҒАУЫ"**

Қазақтан туған асылдар,
Өнеге болар ұрпаққа.
Әйтеке мен Қазыбек,
Әділін айтқан ер еді...

**8-тапсырма. Ребус — "Фашизм".**

## § 16. ЖАПОНИЯ

**2-тапсырма.**
1. 1-3, 2-2, 3-4, 4-1, 5-6, 6-5.
2. 1-3, 2-1, 3-2, 4-5, 5-6, 6-4.

**3-тапсырма.**

1931 жылғы қыркүйек, Жапон, Қытай, Маньчжурия.

## § 18. ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ЕЛДЕРІ

**2-тапсырма. Чайнворд**
1. Вьетнам.
2. Мыс.
3. Сайгон.
4. Нарықтық.
5. Қола.
6. Ахмед.
7. Джакарта.
8. Айдит.

**Лабиринт "Қауға"**

Үндіқытай, Сайгон.

**4-тапсырма. Криптограмма**

1. Конфуцианство.
2. Ява.
3. Кардамон, апельсин, қола, т.б.
4. Ахмед Сукарно.
5. Реформалар.
6. Геріндо.
7. Күріш, мырыш, жүгері.
8. Лакнау.
9. Толстой.
10. Роулетт.
11. Асық ойыны балаларды неге үйретеді?
12. Асық.

**5-тапсырма.**

1 — 7; 2 — 3; 3 — 2; 4 — 8; 5 — 4; 6 — 5; 7 — 1; 8 — 6.

**6-тапсырма. Шрифтограмма + цифрограмма**

*Жауабы.*

Азияның оңтүстігіндегі Үндістан мен басқа да бірқатар елдер ағылшындардың отары болатын. Жұмысшының тапқан табысы отбасын қамтамасыз етуге жетпеді.

*Шешу жолы.*

Араларынан 1 әріптен босатып оқимыз. Цифрларды алфавиттегі реттік нөмірі бойынша әріптермен ауыстырамыз.

**7-тапсырма.**

1 — 3; 2 — 5; 3 — 1; 4 — 4; 5 — 2; 6 — 7; 7 — 8; 8 — 6.

**8-тапсырма.**

1. ҮҰК.
2. Ганди.
3. Гуджарат.
4. Бейбіт.
6. Амритсар.
7. Тилак.
8. Неру.

## § 20. ИРАН. АУҒАНСТАН. ТҮРКИЯ

**2-тапсырма.**
1. Ауғанстан.
2. Түркия.
3. Иран.

**3-тапсырма. Анаграмма**

**I**

*Шығатын сөз*: **Иран**
1. Шахривар оқиғасы.
2. Урмия.
3. Көшімхан.
4. Резахан.

II

*Шығатын сөз*: **Ауғанстан**

1. Аманолла хан.
2. Буржуазиялық.
3. Жас ауғандықтар.
4. Нәзір.
5. Н.
6. Бачайо сакао.
7. Т.
8. Талибан.

III

*Шығатын сөз*: **Түркия**

1. Ватан.
2. Сумер.
3. Босфор.
4. Кемал.
5. Салоника.
6. Сакария.

## § 21. АРАБ ЕЛДЕРІ

**2-тапсырма. Хронологиялық кесте**

1. 1915 ж.
2. 1916 ж, мамыр.
3. 1919 ж.
4. 1919—1922 ж.
5. 1920 ж.
6. 1920 ж, сәуір.
7. 1922 ж.
8. 1922 ж.
9. 1925 ж.
10. 1927 ж.
11. 1928 ж.
12. 1930 ж.
13. 1939 ж.

**3-тапсырма. Тест. Азиядағы араб елдері**

1 — в;
2 — б;
3 — ә;
4 — в;
5 — ә;
6 — ә;
7 — б;
8 — а;
9 — в;
10 — б.

**4-тапсырма. Сөзжұмбақ**

*Көлденеңінен:* 1. Франция. 2. Араб бірлігі. 3. Иәшін. 4. Сан-Ремо.
*Тігінен:* 1. Араб. 2. Фейсал. 3. Бахрейн. 4. Абдулла. 5. Түркия.

**7-тапсырма. Араб елдері**

1. 1925 ж;
2. 1920 ж, 1922 ж;
3. 1922 ж;
4. 1923 ж;
5. 1930 ж;
6. 1934 ж;
7. 1936 ж;
8. 1934 ж.

**8-тапсырма. Сөзжұмбақ**

1. 1934 ж;
2. 1925 ж;
3. 1919 ж;
4. 1920 ж;
5. 1918 ж;
6. 1923 ж;
7. 1930 ж;
8. 1934 ж;
9. 1933 ж;
10. 1936 ж;
11. 1938 ж;
12. 1945 ж.

## § 22. ТРОПИКТІК ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК АФРИКА ЕЛДЕРІ

**2-тапсырма.**

1. Какао; 2. Арахис; 3. Мақта; 4. Мыс; 5. Темір кені.

**3-тапсырма.**

I. Франция;
II. Германия;
III. Португалия;
IV. Италия;
V. Испания;
VI. Англия.

**4-тапсырма. Тізбекті сөз (чайнворд)**

1. Алжир;
2. Руанда;
3. Ангола;
4. Африка;
5. Алтын;
6. Нигерия;
7. Ямусукро;
8. Оңтүстік-Батыс Африка;
9. АҚШ.

**5-тапсырма. “Анаграмма — “*А*”**

1. Мадагаскар;
2. Марокко;
3. Камерун;
4. Мақта;
5. Гана;
6. Кибанги;
7. Матсуанизм;
8. Италия;
9. Уганда;
10. Сенегал.

## § 23. ӘЛЕМ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ҚАРСАҢЫНДА

**Хронологиялық кесте**

1. 1921—1922 жж.;
2. 1923 ж;
3. 1924 ж;
4. 1925 ж;
5. 1927 ж;
6. 1929 ж;
7. 1929 ж;
8. 1932 ж;
9. 1931—1935 жж.;
10. 1933—1935 жж.;
11. 1936 ж;
12. 1936 ж;
13. 1936 ж;
14. 1937 ж;
15. 1937 ж;
16. 1939 ж.

## § 24. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

**2-тапсырма.**

1. Жапония;
2. Франция;
3. Германия;
4. КСРО.

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Германия жаулап алды | А | В | С | Т | Р | И | Я | Үштік пактіге қосылды | Ж |
| Италия жаулап алды | Л | И | Т | В | А 6 | Американдықтар | Н | Қытай астанасы | А |
| Жапония жаулап алды | Б | КСРО жаулап алды | Клетка негізінде пайда болған қозы "Долли" | Н | И | К | Е 1 | | П |
| Н | А 4 | Н | К | И | Н | | И | | О |
| А | Н | Г | Л | И | Я | ... адамның арқауы | Ұшақ | А | Н |
| Ірі метрополия | И | Моңғол әскер басшысы | О | Салақ адам | Н | А 2 | С | Босқа кеткен еңбек | И |
| Н | Я | О | Н 3 | О | Д 5 | Бірінші нота | З | А | Я |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| $К_1$ | $А_2$ | $Н_3$ | $А_4$ | $Д_5$ | $А_6$ |

**3-тапсырма.**

Тест жұмысы

1 — б;
2 — в;
3 — а;
4 — б;
5 — а;
6 — а;
7 — в;
8 — б;
9 — в;
10 — а;
11 — в.

## § 25. ГЕРМАНИЯНЫҢ КСРО-ға ШАБУЫЛЫ ЖӘНЕ ТЫНЫҚ МҰХИТ СОҒЫСЫ

**2-тапсырма. Анаграмма**

1. Қошқарбаев;
2. Бауыржан;
3. Зауыт-фабрика;
4. Молдағұлова;
5. Тоқтаров;
6. Смоленск;
7. Төртінші;
8. Сталинград;
9. Панфилов.

*Шығатын сөз*: **Қазақстан.**

## § 26. АНТИФАШИСТІК КОАЛИЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. ГЕРМАНИЯ МЕН ЖАПОНИЯНЫҢ ТІЗЕ БҮГУІ

**2-тапсырма. Криптограмма**

1. Жаңа тәртіп;
2. Ленд-лиз;
3. Канада;
4. Азаттық Франция;
5. Черчилль;
6. Рим;
7. Мажино;
8. Виши;
9. КСРО;
10. Боржо.

**Ел бірлігі — ел теңдігі (мақал).**

## § 28. ХХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

**2-тапсырма. Тест**

1 — *а*;
2 — *б*;
3 — *в*;
4 — *б*;
5 — *ә*;
6 — *б*.
7 — *а*;
8 — *ә*;
9 — *ә*;
10 — *ә*;
11 — *ә*;
12 — *в*.

## СӨЗЖҰМБАҚТАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР

**Кроссвордты** (сөзжұмбақты) жасаған кезде, оған алынған әр сөздің ара-арасын қара тормен бөліп отыруды ұмытпау керек. Әйтпесе сөздер бір-бірімен қосылып, араласып кетеді де, оларды ажырату қиынға түседі, екі сөздің өзара қиылысқан, түйіскен тұстарындағы әріп, дыбыс тігінен де, көлденеңінен де оқылатын сөздерге ортақ салынады.

Сонымен *сөзжұмбақты* құрастырушы оның суретін, ең алдымен, сызып ала ма, жоқ па әлде терілген сөздер бойынша жасай ма, өз еркі. Алдымен мынаны орындауың қажет деген ерекше талап қойылмайды. Жалпы алғанда, сөзжұмбақтың тақырыбына суреті сай болуы тиіс. Кейбір сөзжұмбақтың суретіне көз жүгірткен бойда оның қай тақырыпқа арналғанын білу қиын емес. Ең басты шарт — алынған сөздер мағыналы, нақты, мейлінше түсінікті, ықшам болуы керек. Сөзжұмбаққа алынатын сөздердің жалпы санына шек қойылмайды. Бірақ сөздер санының 20-дан кем болмауын қадағалаған дұрыс.

*Чайнворд* — ағылш. “Тізбекті сөз” деген ұғымды білдіреді.

**“Тізбекті сөз”** (чайнворд) — тізбектелген, жалғанған сөздерден құрастырылатын жұмбақ ойын. Ол, негізінен, белгілі бір тақырыпқа ғана арналып жасалынады. Сөзжұмбаққа қарағанда тізбекті сөздің ең басты ерекшелігі де, міне, осында. Кез келген аралас сөздерден тізбекті сөзді құрастыруға болмайды. Өйткені шашыраңқы сөздер жиынтығы тізбекті сөз тұтастығын ұстап тұра алмайды. Тізбекті сөздің қалай жасалатынына назар аударалық.

Танымдық ойынның осы түріне алынған сөздердің соңғы дыбысынан үшінші сөз басталып, рет-ретімен жалғана береді. Тізбекті сөзге енетін сөздерді алдын ала жеке тақырыптар бойынша іріктеп алған жөн. Тізбекті сөздің өзіне тән тағы бір ерекшелігі — оның суреті қай тақырыпқа арналып жасалғандығын айқындайды. Тізбекті сөзді дайындаған, іріктеген тақырыптарға байланысты алынған сөздердің мағынасын жан-жақты аша түсу мақсатында бейнелі суреттерге айрықша мән беру керек.

**Криптограмма** — грек. “*Крипто*” — *жасырын*, *құпия* және *граммо* — *жазу*, *әріп* деген сөздерінен шыққан. Сондықтан оны газет-журналдарда “Құпия сөз” деп те атап жүр.

**“Құпия сөз”** (криптограмма) жұрт арасында өте кең тараған қызықты әрі аса күрделі жұмбақ. Бұл ойынның ежелгі түрі мынадай жолдармен жасалынған. Мәселен, алынған мәтін мен сөздер өзгелерге бейтаныс алфавитпен немесе қолдан әдейілеп құпиялап берілген. Не болмаса сөздерді керісінше жазу, сол секілді қысқартып белгілеуге назар аударған. Ойшылдар “құпия сөз” жасаудың басқа да жолдарын тапқан. Соның бірі — әріптердің орнына шартты түрде цифрларды пайдалану. Бүгінгі таңда баспасөз беттерінде жарияланып жүрген “құпия сөздер” тура осы тәсілмен жасалынады. Мұнда негізгі алынған мәтін ылғи да цифрлармен жасырылады. Оны табу үшін белгілі бір жүйемен берілген балама сөздердің жауаптарын рет-ретімен дұрыс орналастыру керек. Бұл жерде “құпия сөздің” суретінде орналасқан цифрларға әрі әріптің дәл келуіне мән берген жөн.

**“Әріп алмастыру”** (анаграмма) — грек. “*ana*” — алмастыру, *gramto* — әріп” деген сөздерін білдіреді. Яғни, бір сөздің әріптерінің орындарын алмастыру арқылы одан екінші бір жаңа сөз тудыру, жаңа сөз жасау. Демек, осындай әдіспен құрастырылатын сөзжұмбақтың өзгеше түрі шыққан. Мысалы, 1. Нота — Отан. 2. Вена — Нева. 3. Қара — Арқа. 4. Күрке — күрек.

Қазіргі таңдағы күнделікті баспасөз беттерінде жарияланып жүрген “әріп алмастырулар” (анаграммалар) белгілі бір тақырыптарға, мақал-мәтелдерге, географиялық атауларға, ақын-жазушылар мен өнер саңлақтарының шығармаларына арналып құрастырылады.

“Әріп алмастырудың” жауаптары мен сауалдары рет-ретімен цифрлар арқылы белгіленеді. Әрине, оның суретін тақырыбына орай, ең алдымен, сызып алған дұрыс. Әріп алмастырудың мазмұнды әрі тартымды шығуы тікелей суретіне байланысты.

**Шрифтограмма**

Көптеген танымдық ойындардың шрифт арқылы жасалатыны аян. Жалпы алғанда ,“шрифт” сөзі немістің “*shrift*”, яғни *жазу* деген ұғымын білдіреді.

Белгілі бір алфавиттің, белгінің және цифрдың таңбасын түсіру үшін пайдаланатын әріптер жиынтығы саналатын осынау шрифтердің өзінен сан алуан жұмбақтар жасауға болады.

Шрифтограмма — қызықты да тартымды ойын түрі. Өзінің дара ерекшелігіне орай шрифтограмманы түрлі жолмен, әр қилы әдіспен құрастыруға болады. Әр әріпті, әр сөзді, әр сөйлемді ұтқырлықпен жұмбақ өзегіне айналдыруға мүмкіндік мол. Оны мейлінше түрлендіріп, күрделендіре түсу — шрифтерді орналастыруға, әріптерді “ойната” білуінде. Шрифтограммаға жеке сөздер, әйгілі мақал-мәтелдер, ғибратты сөздер алынады. Соның кейбіреуі мынадай.

1. Әріптерді теріп оқу.
2. Берілген сөздердің негізгі жүйесін білу.
3. Шрифтерден жаңа сөз тудыру.
4. Бөлшектелген дыбыстарды қоюластыру.

**Цифрограмма** — ойлау қабілетін шыңдайды.

Алғырлыққа баулумен бірге, адамдардың есте сақтау мүмкіндігін жетілдіруіне көмектеседі. Сондықтан да ол аса төзімділікті, табандылықты талап етеді. Цифрограмма — жұмбақ ойыннан гөрі, математикалық ойынға жатады. Цифрограмманың көпшілігі математика жолымен жасалса, кейбір түрлері сандарды “ойнатуға” арналды. Қарапайым түрлері қазақ алфавитінің реттік саны бойынша құрастырылады.

Оқулықтағы цифрограммалар қарапайым түрлеріне жатады, яғни қазақ алфавитінің реттік саны бойынша құрастырылады.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз ........ 3

**I тарау. XX ғасырдың басындағы дүниежүзі**

§ 1. Еуропа елдері ........ 4
§ 2. Еуропадан тысқары дүниежүзі ........ 6
§ 3. XX ғасырдың басындағы халықаралық қатынастардың шиеленісуі ........ 7
§ 4. Бірінші дүниежүзілік соғыс ........ 10
§ 5. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы саяси-әлеуметтік дағдарыстар ........ 12

**II тарау. Соғыстан кейінгі дүниежүзі (1918—1939 жж.)**

§ 6. Версаль-Вашингтон жүйесі ........ 14
§ 7. Демократиялық толқындардың жетістіктері мен бәсеңдеуі ........ 17
§ 8. Жаңа мемлекеттердің құрылуы ........ 19
§ 9. КСРО-да тоталитарлық жүйенің қалыптасуы ........ 20
§ 10. 1929—1930 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс ........ 23
§ 11. АҚШ: “Жаңа бағыт” саясаты ........ 24
§ 12. 1918—1939 жылдардағы Латын Америкасы елдері ........ 26
§ 13. Ұлыбритания мен Канада соғысаралық кезеңде ........ 28
§ 14. Франция және Испания. Халықтық майдан ........ 30
§ 15. Италия мен Германиядағы фашизм ........ 31
§ 16. Жапония ........ 34
§ 17. Қытай. Моңғолия ........ 36
§ 18. Оңтүстік-Шығыс Азия елдері ........ 37
§ 19. Үндістан ........ 42
§ 20. Иран. Ауғанстан. Түркия ........ 42
§ 21. Араб елдері ........ 45
§ 22. Тропиктік және Оңтүстік Африка елдері ........ 50
§ 23. Әлем Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында ........ 52

**III тарау. Екінші дүниежүзілік соғыс (1939—1945 жж.)**

§ 24. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы ........ 54
§ 25. Германияның КСРО-ға шабуылы және Тынық мұхит соғысы ........ 58
§ 26. Антифашистік коалицияның құрылуы. Германия мен Жапонияның тізе бүгуі ........ 59
§ 27. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы. Қырым-Потсдам жүйесі. Біріккен Ұлттар Ұйымын құру ........ 60
§ 28. XX ғасырдың бірінші жартысындағы білім мен мәдениеттің дамуы ........ 61
Сөзжұмбақтардың дұрыс жауаптары ........ 77

*Учебно-методическое издание*

**Аманкулова Шолпан**
**Ашимова Бейбитгуль**
**Досболатова Улбосын**

**ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ**

**Дидактические материалы**

Учебное пособие для 10 классов
общественно-гуманитарного направления
общеобразовательных школ

(*на казахском языке*)

Второе издание, переработанное

Редакторы *Е. Жақыпов*
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатаев*
Техникалық редакторы *А. Садуақасова*
Корректоры *Н. Досболова*
Компьютерде беттегендер *Е. Өзенбаев*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы
2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2566

Басуға 28.06.10 қол қойылды. Пішімі $60\times90^1/_{16}$. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі "Школьная". Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 5,5.
Шартты бояулы беттаңбасы 5,63. Есептік баспа табағы 5,25.
Таралымы 4 000 дана. Тапсырыс №

**"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**
**Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.**
**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.**
**E-mail: mektep@mail.ru**
**Web-site: www.mektep.kz**